

#КүшімізБірлікте

Еркіндік деген ойыңа не келсе, соны айту емес. Кез келген демократиялық елдерде жалған ақпарат таратқан адам жауапқа тартылады. Мен әрбір журналист, ең алдымен, мемлекетшіл азамат болуы керек деп санаймын.

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ.

КӨБЕЙ, ҚАЗАҚ!



АЛМАТЫДА
САЙЛАУ КҮНІ
60 БАЛА ДҮНИЕГЕ
КЕЛГЕН

2

ҚОЛӨНЕР



КИІЗ БАСУ –
ҒАЖАП ӨНЕР

6

БІЛІМ



МЕКТЕП
АСХАНАСЫНЫҢ
МӘЗІРІ ТАЛАПҚА
САЙ МА?

7

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы
(бүгін және ертең)

22.11.2022

Түнде:



+2+4 °C

Бұлтты, кей уақытта жауын-шашын (көбінесе жаңбыр).

Күндіз:



+5+7 °C

Бұлтты, кей уақытта жауын-шашын (көбінесе жаңбыр).



Желдің жылдамдығы:
2-7 м/с

23.11.2022

Түнде:



0+2 °C

Бұлтты, кей уақытта жауын-шашын (көбінесе жаңбыр).

Күндіз:



+7+9 °C

Бұлтты, кей уақытта жауын-шашын (көбінесе жаңбыр).



Желдің жылдамдығы:
2-7 м/с

МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҒАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ



Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | www.almaty-akshamy.kz | №138 (6273) 22 қараша, сейсенбі, 2022 жыл.

САЙЛАУ – 2022

ХАЛЫҚ СЕНІМІ – ЕҢ БАҒАЛЫ ҚҰНДЫЛЫҚ



Сонымен, бүкіл қазақстандықтарды толғандырған, күллі әлем жұртшылығын елеңдеткен еліміздегі кезектен тыс Президентті сайлау науқаны да аяқталды. Біз өз таңдауымызды жасадық. Мемлекеттік биліктің бірден-бір бастауы – халық десек, осынау жауапты кезеңде әркімнің дауысы мен азаматтық жауапкершілігі аса маңызды екені белгілі.

2

БРИФИНГ

БАЙҚАУШЫ БОЛУ – ОРТАҚ ЖҰМЫС



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

«Қоғамдық пікір» қоғамдық қоры бақылаушылар штабының жетекшісі Рафаэль Гасанов сайлау кезінде кейбір бақылаушылардың жағымсыз әсер тудырғысы келгенін мәлімдеді.

Штаб жетекшісі 20 қарашада, сайлау күні жергілікті байқаушылардың күні бойы сайлау учаскелерінде болғанын еске сала келіп, әлеуметтік желіде жарияланған жағымсыз жазбаларға қатысты өз ойын білдірді.

«Бақылаушыларымыз дауыс санаған кезде де болды. Біздің есебіміз бойынша, Алматыда сайлауға келгендер 28%-ды көрсетті. Алдын ала қорытындыға сәйкес қазіргі Президент Қасым-Жомарт Тоқаев жеңіске жетті», – деп хабарлады Р.Гасанов. Спикер бақылаушылардың 531 сайлау учаскесінде жұмыс атқарғанын айтты.

(Жалғасы 4-бетте).

ҚЫСҚА...

- Қытай, Ресей, Беларусь, Қырғызстан, Өзбекстан, Тәжікстан басшылары Қасым-Жомарт Тоқаевты Президент сайлауындағы жеңісімен құттықтады.
- Келер жылы қандастарды қабылдау квотасының саны ұлғаюы мүмкін.
- Әулиекөзде өрттен кейін тұрғын үй салуға қатысқан бір топ маманға Құрмет грамотасы берілді.
- «Бүркіт» драмасы Моңғолия көрермендеріне жол тартты.
- 9 айда балаларға 324 млрд теңгеге медициналық қызмет көрсетілді.
- Қару-жарақ, оқ-дәрілер тауып алған талдықорғандық оқушылар марапатталды.
- 24 қарашада Елордада «Kaztraffic-2022» халықаралық көрмесі ашылады.
- Жұмысынан айырылған 92,2 мың адамға әлеуметтік төлем төленді.

www.almaty-akshamy.kz



9 772223 237006 >

ГАЗЕТТІ ЖЕТКІЗУ БОЙЫНША ШАҒЫМДАР БОЛСА,

«Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына
+7 707 932 39 18 телефондары бойынша хабарласыңыз!



САЙЛАУДАН КЕЙІНГІ ОЙ

ХАЛЫҚ СЕНІМІ –
ЕҢ БАҒАЛЫ ҚҰНДЫЛЫҚ

(Басы 1-бетте)

20 қарашада азаматтарымыз дауыс беруге белсене қатысқаны қуантады. Бұл қазақстандықтардың азаматтық белсенділігінің, саяси сауаттылығы мен мәдениеттілігі өлшемінің сипатын, елімізде жүргізіліп жатқан саяси жаңғыру бағдарының нәтижелілігін білдірсе керек. Сарапшылар сайлаудың ашық әрі әділ өтуіне және барлық шараның ұлттық заңнамалар мен халықаралық демократиялық стандарттарға сай болуына баса мән берілгенін айтады. Сайлаудың өткізілуін бағамдап, бақылау үшін Қазақстанға дүние жүзінің 35 елінен 600-ден астам халықаралық байқаушы мен 10 халықаралық ұйым өкілдерінің келуі соның айқын айғағы.

Ресей Федерациясынан келген бақылаушылар Алматының сайлау учаскелерінде ешқандай ескертулер мен заң бұзушылықтарды тіркеген жоқ. Мәселен, өз



КЕРЕК ДЕРЕК

Орталық сайлау комиссиясында өткен брифингте ОСК төрағасы Нұрлан Әбдіровтың айтуынша, Қасым-Жомарт Тоқаевқа 6 млн 456 мың 392 сайлаушы немесе олардың 81,31%-ы дауыс берген. Жигули Дайрабаевқа 271 641 немесе 3,42 пайыз, Қарақат Әбденге 206 206 немесе 2,6 пайыз, Мейрам Қажыкенте 200 907 немесе 2,53 пайыз, Нұрлан Әуесбаевқа 176 116 немесе 2,22 пайыз және Салтанат Тұрсынбековаға 168 731 немесе 2,12 пайыз дауыс берілген. «Бәріне қарсымын» бағанын 460 484 немесе 5,8% сайлаушы таңдаған.

КЕРЕК ДЕРЕК

ҚР Орталық сайлау комиссиясы жариялаған Президент сайлауының алдын ала нәтижелеріне сүйенсек, нақтыланған сайлаушылар тізімдеріне сай, жалпы сайлаушылар саны 11 млн 953 мың 465 адамды құрады. Оның 8 млн 300 мың 46 адамы немесе 69,44 пайызы дауыс беруге арналған бюллетеньдерді алды. Дауыс беру күні ҚР Президенттігіне кандидаттардың 11 мыңнан аса сенім білдірген адамдары, шетелдік халықаралық ұйымдардың 641 байқаушысы, саяси партиялардың 15,5 мыңнан аса байқаушысы, қоғамдық бірлестіктерден 30 мыңнан аса байқаушы сайлауды бақылауды жүргізген.

миссиясы – Қазақстан Республикасы тұрғындарының ерік білдіру процесіне араласу емес, тек дауыс беруді қадағалау екенін айтқан Свердлов облыстық Заң шығару жиналысының өңірлік саясат және жергілікті басқаруды дамыту жөніндегі комитетінің төрағасы Михаил Валерьевич Зубарев сайлау күні Алматыда болған барлық 17 сайлау учаскесінде дауыс беру рәсімдері Қазақстан Республикасының Конституциясына және «Сайлау туралы» За-

ңына нақты сәйкес өткенін атап өтті. «Барлық учаскелерде біздің миссиямыздан басқа да ұлттық бақылаушылар мен кандидаттардың өкілдері көп болды. Мен олармен сөйлестім, олардың ешқайсысы ешқандай ескертулер тіркеген жоқ. Бұл сайлау процедурасы заңды дегенді білдіреді. Қазақстан Республикасының тұрғындары осы сайлау науқанының нәтижелерін қабылдайтынына сенімдімін. Мен бақылаған учаскелерде ешқандай заңбұзушы-

лықтар болған жоқ», – деді М.Зубарев.

Михаил Зубарев Алматының барлық сайлау учаскелері талапқа сай жабдықталғанын, мүмкіндігі шектеулі жандар үшін дауыс беруге жақсы жағдай жасалғанын да атап өтті. «Әр учаскеде көшпелі дауыс беру мүмкіндігі қарастырылған және көптеген учаскелерде азаматтар осы құқықты пайдаланды. Сайлаушылардың ерік-жігеріне сыртқы күштер тарапынан ешқандай қысым болған жоқ. Мұнда бізден басқа миссиялар мен ұлттық бақылаушылар жұмыс істейді. Сайлау комиссияларының жұмысы барысында ешқандай заңбұзушылықтар тіркелген жоқ», – деді Ресей Федерациясының бақылаушысы.

Сайлау өтті. Exit Poll-дың алдын ала қорытындылары хабарланды. ҚР Орталық сайлау комиссиясы Президент сайлауының алдын ала нәтижесін де жариялады. Ресми қорытынды шығарылар сәтті күтпестен-ақ, осынау саяси аламанға қатысқан

алты үміткердің үздігі айқын басымызды топ жарғанын айтқан жөн. Халық айтса қалт айтпайды. Қараша алдағы жеті жылдыққа межеленген тарихи таңдауын жасады. Елдік ұстанымға айналған «Отанымыз – бір, мемлекетіміз – бір, халқымыз – бір» қағидаты жеңіске жетті. Қазақ қоғамы әділетті Қазақстанға жол ашқан Президентін қолдап, мемлекетіміздің алдағы дамуының бағыт-бағдарын ашық сайлау арқылы айқындап алды. Қасым-Жомарт Тоқаевтың бұл сайлаудағы айқын жеңісі – оның прогрессивті реформаларына деген халқымыздың сенім мандатының қаншалықты маңызды әрі жоғары екенін айғақтайды. Дауыс беру нәтижелеріне сүйеніп, қазақстандық қоғамның нақты қажеттілігін бағамдауға да болар. Бұл – әлеуметтік әділеттілікке деген қажеттілік. Осы әлеуметтік әділеттілік жолындағы саяси реформалары мен жарқын болашақ үшін электорат Мемлекет басшысына үлкен сенім артып отыр. Халық сенімі – Қасым-Жо-

март Тоқаев үшін ең бағалы құндылық. «Бұл науқанның біздің тарихымызда қалатыны сөзсіз. Exit Poll-дың алдын ала нәтижесі шықты. Әрине, ресми қорытындыны күтеміз. Дегенмен, қазірдің өзінде халқымыз маған Президент ретінде және баршаңызға үлкен сенім артты деп айтуға болады. Халықтың сенімі – бұл ең құнды нәрсе. Сондықтан халықтың сенімін бәріміз ақтауымыз керек. Бүгін, міне, 21 қарашадан бастап бәріміз жұмысқа кірісуіміз қажет», – деді Президент.

Халқымыз жұмылып, қиындықтардың бәрін еңсергенін, енді алдымызда бұдан да өте ауқымды міндеттер, мақсаттар тұрғанын, атқаратын жұмыстардың әлі де көптігін, елде саяси реформалар жүзеге асырылып жатқанын, келешекте бұл жұмыстар жалғаса беретінін айтты Мемлекет басшысы. Демек, қазақстандықтар жаңа, ұтқыр қоғам құруға бағытталған «Әділетті Қазақстан» бағдарынан адаспайтынына сенімді бола алады.

Т.ДЕРБЫСАЛИН.

КӨБЕЙ, ҚАЗАҚ!

АЛМАТЫДА САЙЛАУ КҮНІ
60 БАЛА ДҮНИЕГЕ КЕЛГЕН
оның 26-сы ұл, 34-і қыз бала

Мегаполисте кезектен тыс Президент сайлауы күні, яғни 20 қарашада 60 бала дүниесіне есігін ашқан.



Денсаулық сақтау басқармасының хабарлауынша, 19 қарашада түнгі 00.00-ден 20 қарашадағы 00.00-ге дейінгі бір таулікте Алматы перзентханаларында 60 бала дүниеге келген. Оның 26-сы ұл бала, 34-і қыз бала.

Жалпы, елімізде сайлау күні 634 сәби дүниеге келді. Оның ішінде 6 егіз бар. Барлығы 328 ұл және 306 қыз бала дүниесіне ашты.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

АЙТЫЛДЫ – ЖАСАЛДЫ

САМАЛАДАЙ ЖАРҚЫРАП ТҰР

Наурызбай ауданында 320 көшеге жарық жүйесі орнатылды

Алматының шеткі аудандарының бірі саналатын Наурызбай ауданында «Халық қатысатын бюджет» бағдарламасы аясында 1 миллиард 800 млн теңге бөлінген.

Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Наурызбай ауданы әкімі аппараты көріктендіру бөлімінің бас маманы Меруерт Мэлстің айтуынша, халықтың ұсынған жобалары аясында 47 жоба биыл жүзеге асырылды. Оның ішіндегі ең үлкен ауқымды жоба «Ақжар» және «Қалқаман» шағынаудандарындағы салынған 2 үлкен саябақ. Бүгінде ауданда жаяу жүргіншілер жолы абаттандырылып, жол инфрақұрылымдары дамыды. Сыртқы жарықтандыру жұмыстары жүзеге асырылып, биыл 200 шақырым болатын 320 көшеге

жарық жүйесі орнатылды. Көшелері самаладай жарық шамдармен көмкерілген аудан тұрғындары «айтқан өтінішіміздің орындалғанына қуаныштымыз» деп ризашылықтарын білдірді.

– Биыл ауданымызда көптеген ауқымды жобалар жүзеге асып жатыр. Солардың бірі – түнгі уақытта жарқырап тұратын мына көше шамдары. Бұрын көшеге шығуға жүрексініп, үйден шықпайтынбыз. Қазір бір мезгіл отбасымызбен далада серуендеуге шығатын болдық. Қала және аудан басшыларына рахмет айтамыз, – дейді аудан тұрғыны Айжан Серікқызы.

Ағымдағы жылы әлеуметтік инфрақұрылымның дамуы аясында аудандағы «Шұғыла» және «Қалқаман» шағынауданында 3 мектептің құрылысы салынған. Оның екеуі 1500, үшіншісі 1800 орынға арналған. Алматы қаласы Құрылыс басқармасының тапсырысымен «Шұғыла» шағынауданында 320 орынға арналған балабақша құрылысы және инновациялық шығармашы-

лық құрылысы жүзеге асырылып жатыр, – дейді ол.

Бас маман 2023 жылы емдеу сауықтыру кешенінің құрылысын бастау үшін жобалық-сметалық құжаттама дайындалып жатқанын айтады. «2023 жылы емдеу сауықтыру кешенінің құрылысын бастау үшін жобалық-сметалық құжаттама дайындалып жатыр. Мектеп және 500 орынға арналған емхананың жобалық-сметалық құжаттамасы да әзірленіп жатыр. Сонымен қатар, Абай даңғылына қала шекарасына дейін ұзарту, Төле би даңғылының құрылысы жүзеге асырылуы керек. «Ақжар» және «Шұғыла» шағынауданында инженерлік желілер құрылысы, су және кәріз құбырлары жүргізілгеннен кейін жол жөндеу жұмысы іске асады. «Ақжар» шағынауданы бойынша қалған 33 көше және «Шұғыла» шағынауданында 7 шақырымдық 13 көшеге жаңа жол құрылысын салу жоспарланып отыр», – дейді Наурызбай ауданы әкімі аппараты көріктендіру бөлімінің бас маманы Меруерт Мэлс.



ТЖД



ТАУДА АБАЙ БОЛЫҢЫЗ!

«21 қараша күні қар жамылғысының тұрақсыз болуына байланысты Үлкен және Кіші Алматы су алабында қар көшкіні жүруі мүмкін. Қиын жағдайға ұрынбас үшін тау бөктеріне шығуға тыйым салынады. Тауда абай болыңыздар!», – деп ескертеді Алматы қалалық ТЖД баспасөз қызметі.



Айжан
БҮРКІТБАЕВА

Осыған орай, Алматы қалалық ТЖД мынадай мәлімдеме жария етті:

- қатты жауын-шашын (қар, жаңбыр) немесе қатты жел, дауыл туралы ескерту жарияланған жағдайда, тіпті таулы аймаққа баруды кейінге қалдырған дұрыс;
- егер сіз тауда болсаңыз, мұқият болыңыз және ауа райының өзгеруін қадағалаңыз;
- тау бөктерінде қардың жылжуын, қардың түйіршіктерін байқасаңыз, онда тауларға бармағаныңыз жөн, бұл қардың тұрақсыз күйде екенін, көшкін қаупі мүмкін екенін білдіреді;
- үйге қайтуды тәуліктің кеш уақытына қалдырмаңыз, кері бағытты таба алмай қалуыңыз мүмкін;
- рюкзактарда мыналар болуы тиіс: жылы киімдер, күтпеген жағдайда дәрігерге дейінгі көмек көрсетуге арналған дәрі қобдишасы, GPS навигаторларының болуы артық болмайды;
- туған-туыстарыңыз бен жақындарыңызға маршрут-ыңыздың бағыты мен орналасқан жеріңізді барынша толық хабардар ету өте маңызды.

ҚАМҚОРЛЫҚ

ЕРІКТІ БОЛУ – ӨЗ ЕРКІҢ

Алматыда иесіз жануарларға ақысыз көмек көрсететін еріктілер көп

Алып шаһарда өз еркімен қоғамға пайдасын тигізіп, қызметі үшін ешкімнен ақы сұрамай еңбек етіп жүрген жандар көп. Олардың қатарында иесіз жануарларға көмектесіп жүрген еріктілер де бар.



Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Қаланың шеткі аудандарында қаңғыбас иттер мен мысықтар көп кездеседі. Тіпті, мұндай иесіз үй жануарларын адам аяғы көп жиналатын қоғамдық орындардан да жиі көреміз. Бір қуанарлығы, елімізде ағымдағы жылдың 1 наурызынан бастап «Жануарларға жауапкершілікпен қарау туралы» заң қолданысқа енгелі бері, кішкентай тіршілік иелеріне деген қоғамның көзқарасы өзгерді. Humane Society International қауымдас-тығының мәліметінше, жылма-жыл 3 млн-ға жуық ит пен мысық арнаулы орындардың жоқтығынан далада қаңғып қалады екен. Демек, жыл сайын әлемдегі әрбір төртінші жануар адам қолынан өледі деген сөз. Жағымсыз дерек болса да, бұл сөздің жаны бар. Өйткені, үй жануарларына жасалатын қиянат біздің елде де орын алып жататыны

рас. Міне, осыған орай жоғарыда айтылған заңда көпшіліктің жануарларға деген қамқорлықты сезінуге, жануарлар иелерінің жауапкершілігін арттыруға, жеке тұлғалардың тұрғын үйлерде жануарлардың жекелеген түрлерін ұстауына тыйым салуға басымдық берілген. Қатыгез қарым-қатынас үшін қылмыстық жауапкершілік, жануарларға күтім жасау саласындағы заңнаманы бұзғаны үшін жоғары айыппұлдар, қызметтің әртүрлі салаларында жануарларды пайдалану мен күтіп-бағуға қойылатын талаптар қатаңдатылды.

Бүгінде Алматыда иесіз жануарларға қамқорлық танытып, күтіп-баптауға арналған қорлар баршылық. Олардың барлығы қоғамды жақсартуға бағытталған. Міне, солардың қатарында уақыты мен қаражатының бір бөлігін дәл осы үй жануарларын, оның ішінде тек мысықтарды күтіп-баптауға арнаған жалғыз орын бар. Онда ешкімнің жасына, ұлтына, дініне қарап бөлінбейтін еріктілер жұмыс істейді. Еріктілер бүгінге дейін қаншама жануарды құтқарып, олардың жаңа отбасын табуына себепші болыпты. Біз шын ықыласымен жақсылық жасауды ниет еткен жандардың жұмысымен танысуға арнайы бардық.

Мысықтарға пана болған шағын аймақ биік темір қақпалармен қоршалыпты. Сыртында «КотоПес» деген жазу бар. Арнайы баспананың ішіне енген сәтте кіреберістегі «Бахила киіп кіріңіз!» деген жазуды көріп, тазалыққа ерекше мән беретінін түсіндік.

Мысық үй жануарларының ішіндегі ең тазасы дегенді естуіміз бар. Соны меңзегені ме екен, бізді қарсы алған әкімшілік қызметкері Наталья Шалфулина бахила киюге ыңғайланып жатқанымызда: – Мұнда бәрі стерильденген болуы керек! – деп жымия қарсы алды.

– Мекемеде ветеринар, фельдшер және әкімшілерден құралған бес қызметкер жұмыс істейді. Мына шағын дәліз карантиннен өткен мысықтарды ұстайтын бөлмелерге апарады. Ал мынау мысықтарға арналған пирамида пішіндес ағаш үйлер. Олардың әрқайсысында тіршілік ететін жануарлардың жеке тарихы бар. Мына үйшікте сұлу Шейла өмір сүреді. Сүйкімді мысық қатыгез жандардан қорлық көргенге ұқсайды. Бәлкім, көшеде қалып, бір жағдайға ұшырады ма, әйтеуір, бізге келгенде оның алдыңғы аяғының жартысы жоқ болды. Шейланы еріктілер тауып әкелген. Қазір ол жан-жағына үйренді, өзін еркін ұстайтын болды.

Көшеден тауып әкелген мына Санчес атты мысығымыз клиникаға кальцивироз диагнозымен түскен. Бірақ қазір оның өміріне ешқандай қауіп төніп тұрған жоқ. Ал мынау көккөзді сұлу – Хома, біздің отбасымыздың «бұзығы». Өзі төбеге шыққанды жақсы көреді, – дейді Наталья мысықтармен таныстыра жүріп.

Баспана бірнеше адамның күшімен құрылған. Тек қайырымдылық жарналары арқылы қаржыландырылады. Негізгі міндетіміз – қаңғыбас жануарларды құтқару, оларды емдеу және әлеуметтендіру. Оларды

жазғы кезеңде студенттерге жұмыс табу және аз да болса табыс табу мақсатында қолдау көрсетеді. Сонымен қатар, қаламыздың көркейіп, көгалдануына септігін тигізеді», – дейді Б.Анарбаева.

Жалпы, аталған бағдарламаның барлық кезеңінде 20 мыңнан астам студент пен жұмыссыз жастар жұмысқа орналастырылған.

«Биыл 3 мыңнан астам жас бұл қатарға өтуге ниет білдірген. Биылғы жылы бағдарлама аясында квота 1900 орынды құрады. Біз оны толықтай қамтыдық», – деп толықтырды Ә.Қажденбек.

Бағдарлама аясында жастар тек экологиялық акцияларға ғана емес, сонымен бірге, ірі ауқымды шараларға қатысты. Биыл «Табиғатты бағалайық» челленджі іске қосылды, жастар эко-акцияларға қатысты. «Жасыл ел» мүшесі болу оңай, ол үшін оның кеңсесінде тіркелу қажет. Биыл бұл жобаны Жастар саясатын дамыту мемлекеттік қоры жүзеге асыруда. Спикерлер бұл жобаға жастар арасында сұраныстың өте жоғары екенін атап өтті. Олар жастардың қосымша табыс табуына мүмкіндіктері болуы үшін «Жасыл елді» жазда ғана емес, сабақ уақытында да дамытуды жоспарлап отыр. Барлық қызықтырған сұрақтар бойынша Байтұрсынов көшесі, 22, 1-корпус мекенжайы бойынша жүгінуге болады.



мүмкіндігінше жақсы адамдарды тауып, табыстау, – дейді ол.

Натальяның негізгі мамандығы ландшафт дизайнері екен. Қызметі де, мамандығы да бұл салаға мүлдем қатысы жоқ болса да, ол үй жануарларын, оның ішінде дәл осы төртаяқты тіршілік иелерін жақсы көретінін айтады.

– Мұнда өз еркіммен көмек көрсетуге келгенмін. Қазір енді кеткім келмейді. Бастапқыда бірнеше мысықты ғана қамқорлығымызға алып, шағын бөлме жалдағанбыз. Кейінірек аумағымызды ұлғайтып, мүмкіндігімізді арттырдық. Дәл қазіргі уақытта мұнда 70-тен астам мысық бар. Олардың барлығы көшеде иесіз қалған мысықтар, біразын еріктілер ауыр жағдайда тауып әкелген. Мұнда созылмалы аурулары бар, тіпті, көлік қағып кеткен мысықтардың өміріне екінші мүмкіндік беріледі. Біздің қор олардың емін өз жауапкершіліктеріне алып, клиникада емдейді, зарарсыздандырады, вакциналайды. Одан соң жаңа қожайын іздейтін баспанаға жіберіледі, – дейді Наталья.

Еріктінің айтуынша, иесіз қалған ит-мысықтарға көмектесу оңай шаруа емес. «Қазір барлық тірлік ақшаға келіп тіреледі. Мұндағы жануарлар қайырымды жандардың қолдауы мен жарналары есебінен өмір сүреді. Оған қоса, бізге жұмыс күші ауадай қажет. Неге десеніз, біз жануарларды емдеп жатқан кезде, қалғандары қараусыз қалып қояды. Сондықтан бос уақыттарын тиімді пайдаланғысы келетін барлық жандардың бізге келіп, кішкентай тіршілік иелерімен ойнап, оларды сылап-сипағанының өзі біз үшін үлкен көмек екенін айтқымыз келеді. Өйткені, олар да адам секілді көңіл бөлгенді бірден сезеді. Бір ескере кететін жайт, мұндағы мысықтарды жаңа иелері жай ғана кетіп әкете салмайды. Ол үшін міндетті түрде анкетаға жауап беріп, құжат толтырады, – дейді ол.



ОЙ. ПІКІР. ҰСЫНЫС

Серік СЕЙДУМАНОВ,
Философия, саясаттану және дінтану
институтының Бас директоры:

ӨЗГЕРІСТЕР ОРНАУДА



Қазақстанда жаңа саяси кезеңдер орнауда. Көптеген өзгерістер орын алуда. Дәлірек айтқанда, Мемлекет басшысын таңдадық. Мұнда жалпы халық

өз позициясын білдірді. Қоғам болғаннан кейін біршама пікірлер болады. Көпшілігі қолдаса, кейбірі басқаша ойлауы мүмкін. Дегенмен, халықтың әлеуметтік, саяси белсенділігі артып келеді. Оны осындай ұйымдастырылған ірі саяси шақтардан байқап, бағамдап отырамыз.

Бізге жаңару мен жүйенің ауысуын күтіп жүргендер көп. Сонымен қоса, тағы бір маңызды дүниеге айрықша тоқталуды жөн санаймын. Нақтырақ айтқанда, әлеуметтің әлеуетін көтеру қажет. Саяси науқанда ол кезең-кезеңімен жүзеге асуда. Ол жағынан көңіл қуанады. Десе де, экономикалық секторға назар аударайық. Халықтың тұрмыс сапасын жақсартайық. Сонда ғана алға қойған нақты мақсаттарға қол жетеді.

Айдар ӘМІРЕБАЕВ,
Саяси зерттеулер орталығының
басшысы, саяси сарапшы:

БІР БЕЛЕСТІ ӨТКІЗДІК



Өздеріңіз білетіндей, мерзімнен тыс Президенттік сайлау болды. Аталған процесті саяси сарапшы ретінде өзімізше бақылаған едік. Оған негізінен шетелдік және отандық бақылаушылар өз бағасын берді. Exit poll мәліметтерін де көрдік. Осыған байланысты «дөңгелек үстел» өткіздік. Былайша айтқанда, елімізде жасалып жатқан тұжырымдамаларды және болашақта болатын тенденцияларды зерделеудеміз.

Сайлау өз деңгейінде өтті деген қорытындыға келдік. Алайда, аса бір дүрліктірірліктей көп жаңалық бола қоймайды. Мұны саяси тұрғыдан баға беретін болсақ, өте тарысты әрі қызу өтті деп айта алмаймыз.

Айнұр ДАУЫЛБАЕВА,
№7 Оқушылар үйінің директоры:

СЫНДАРЛЫ СӘТТЕН ДЕ
СҮРІНБЕЙ ӨТТІК

Сындарлы сәтте еліміз Қасым-Жомарт Тоқаевқа үлкен қолдау көрсетті. Ұлт болып ұйысып, мем-

лекетіміздің тұтастығын сенімді азаматқа табыс еткенімізді айқындап алдық. Осынау тарихи сайлаудағы Қасым-Жомарт Кемелұлының жеңісі халықтың Мемлекет басшысының прогрессивті реформалары төңірегінде бірігуінің айқын көрінісі болды дер едім. Біз өзіміздің – адами парызымызға адалдық таныттық. Осынау сәтте баршамыз ауызбіршілікте болып, Қазақстанның бүгіні мен болашағына аландаған әр азаматқа үлкен жауапкершілік жүгі артылып тұрғанын түйсігімізбен түсінгеніміз мені қуантады. Ұрпақ тәрбиелеуші ұстаз ретінде Әділетті Қазақстанды құру жолындағы еңбегіміз жемісті болсын! Еліміздің келешегінің кемел де, жарқын болуына әрқайсымыз атсалысайық дегім келеді.

КӨЗҚАРАС

БІЗГЕ БАРЛЫҒЫНА
САБЫРМЕН ҚАРАУ КЕРЕК

Қазақстан
Журналистер одағының
төрағасы Сейітқазы
Матаев Президент
сайлауына қатысты өз
ойымен бөлісіп, кімге
және не үшін дауыс
бергенін айтты.



Сайлауға бардым. Өз таңдауымды жасап, дауысымды Қасым-Жомарт Тоқаевқа бердім. Өйткені, оның бәсекелестері әлсіздеу болды, таңдау болмады. Қасым-Жомарт Кемелұлын көптеген жылдар бойы, 1991 жылдан бастап, ол Сыртқы істер министрінің бірінші орынбасары болған кезінен бастап білемін. Мен ол кезде Президенттің баспасөз хатшысы болатынын. Кейін ол Сенат спикері, БҰҰ Бас хатшысының орынбасары қызметіне ауысты.

Негізінде, Қасым-Жомарт Тоқаевтың саясаты дұрыс. Мен сайлау күні телемарафонды көріп, саяси науқанның барысын жіті бақылап отырдым. Халық Мемлекет басшысының дұрыс шешім қабылдағанына сенімді болуы керек. Қазір Президенттің атына өте көп сын айтылады, бірақ оның барлығын адам баласы қабылдай алмай-

ды. Сондықтан оған барлық реформаларын жүзеге асыруға уақыт пен мүмкіндік беру керек. Бізге барлығына сабырмен қарау керек. Өйткені, сабыр – жетістікке қол жеткізудің сырлы кілті.

Мемлекет басшысы бірінші кезекте сот реформасын жүргізуі керек деп санаймын. Өйткені, әділетсіз айыптау мен жалған жазадан көптеген адамдар зардап шегеді. Тергеу әділетті және бейтарап болуы керек. Алаяқтық пен бұрмалаушылықтың салдарынан жазықсыз жапа шегу адам жүрегіне шемен

боп қатпаса, майдай жақпайды. Біз мұны ұлымыз екеуіміз өз басымыздан өткердік.

«БАҚ туралы» Заңға өзгерістер енгізіледі деп күтілуде. Олар журналистер қауымдастығымен белсенді түрде талқыланып, қолдау алуы керек. Алдыңғы заң БАҚ өкілдерімен бірге талқыланып жок. Бірақ оны шенеуніктер, баспасөзге қатысы жоқ адамдар тобы қабылдады.

Мен алдағы парламенттік сайлауды асыға күтемін және оның қызықты өтетініне сенімдімін.

«ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛ»

ЖАҢА КЕЗЕҢ БАСТАЛДЫ



Философия, саясаттану және дінтану институтының
Саяси зерттеулер орталығында «ҚР Президентінің
кезектен тыс сайлауының қорытындыларын
сараптамалық талқылау» тақырыбында «Дөңгелек үстел»
өтті.

БРИФИНГ

БАЙҚАУШЫ БОЛУ – ОРТАҚ ЖҰМЫС



**Айжан
БҮРКІТБАЕВА**

(Басы 1-бетте)

«Кейбір бақылаушылардың жағымсыз жағдай тудырғысы келгені анық екенін атап өткім келеді. Бақылаушылар сайлауда өздерінің негізгі міндеттерін ұмытып, оның орнына сайлау учаскелері төрағаларының жұмысына кедергі келтіріп, камераға түсіріп алу фактілері болды. Сондай жағдайда келіп, сайлау заңнамасының нормаларын түсіндіретін заңгерлеріміздің болғаны жақсы болды. Жұмысымыздың бөделін түсіргісі келгендердің назарына айтарым: барлығымыз ортақ жұмыспен айналыстық. Біз байқаушыларды емес, сайлау процесін бақылағанымызды ұмытпаған жөн. Басқа қоғамдық ұйымдардың жұмысына араласу кәсіпқойлыққа жатпайды деп ойлаймын. Олар бізді бақылауға келді ме деген ой қалды. Біз халықаралық стандарттарды ұстанатынымызды еске салғым келеді», – деді Р.Гасанов.

Қоғамдық бақылаушы өз-

дерінің ЕҚЫҰ-ның ішкі мониторинг бойынша нұсқауларын және Еуропалық Хартияны ұстанатынын қосты. Ал олардың басты міндеті тек бақылау болды, бірақ ешбір жағдайда бақылаушылардың жұмысына кедергі келтірмеу болды.

«Біз халықаралық байқаушылардың есебін зерделейміз, одан кейін біздің есебіміз Орталық сайлау комиссиясына жіберіледі», – деп жалғастырды Р.Гасанов.

Сайлау барысынан алған әсерімен бөліскен тағы бір қоғам өкілі Андрей Андреев алматылық дауыс берушілер арасында балаларымен бірге келіп, көтеріңкі көңіл күймен қайтқандары да болғанын атап өтті.

«Көптеген жастардың, жүріп-тұрудың қиындағанына қарамастан, азаматтық борышын өтеген аға буын өкілдерінің де келгені қуантады. Барлық сайлау учаскелері жеткілікті деңгейде дайындалды, бәрі түсінікті болды, адамдардың әдейі жанжал шығарғысы келген жағдайлардан басқа заңбұзушылықтар болмады», – деді А.Андреев.

Бақылаушыларға қарсы айтылған сынға келетін болсақ, сын айтқандардың ешқайсысы оларды

Іс-шараға аталған институттың Бас директоры Серік Сейдуманов, Саяси зерттеулер орталығының басшысы Айдар Әміребаев, институттың бас ғылыми қызметкері Рүстем Қадыржанов, Философия орталығының басшысы Серік Нұрмұратов, Саяси зерттеулер қауымдастығы РҚБ президенті Есенжол Қаниұлы, тәуелсіз саясаттанушы Дәурен Әбен, қоғам белсенділері, ғалымдар, тілшілер және т.б. қатысты.

Жиында елімізде өткен кезектен тыс Президент сайлауы туралы ой-пікірлер, саяси көзқарастар айтылды. Сонымен бірге, Қазақстан Республикасының алдағы биік белестерге қойған мақсаттары мен міндеттері турасында ой-пікірлер талқыланды.

Отырыс барысында қатысушылар сайлау нәтижесі туралы пікірлерімен және саяси дискурстың одан әрі дамуына қатысты болжамдарымен бөлісті.

есеп баяндамасына ресми түрде тіркелген жоқ. Олардың басым бөлігі сайлауға не үшін келгеніне көңіл аударып, сонымен қатар дұрыс емес әрекетке барған. А.Андреевтің айтуынша, бұл адамдардың мақсаты сайлауды бақылау емес, қиындықтар туғызу болды.

ХБК-тың корпоративтік және әлеуметтік даму жөніндегі проректоры Диана Малаеваның айтуынша, барлық бақылаушылар үлкен тәжірибе жинақтай отырып, өз құқықтарын пайдалана алды. Қазір Алматыда бұл салада дамитын жергілікті бақылаушылардың тұтас бір пулы бар.

Баспасөз орталығында журналист, блогер Мақсат Мамадияров та сөз сөйлеп, алматылық бақылаушыларға жұмыстарына жауапкершілікпен қарағандары үшін алғысын білдірді. Ол байқаушылар мен сайлау комиссиясы мүшелерінің сынына қатысты пікір білдірді.

«Көптеген арандатушы сұрақтар қойылды, тіпті үзіліс кезінде сыртқа шыққандарға қатысты сын айтқандар болды. Соған қарамастан, біз өз мақсатымызды орындадық», – деп хабарлады М.Мамадияров.



БАСПАСӨЗ МӘСЛИХАТЫ

Александр БРАТЕНКОВ:

ЖАҢА САЯСИ МӘДЕНИЕТКЕ НЕГІЗ БОЛДЫ

Кейбір байқаушылар арандатушылық жағдайларына бой алдыруға жол бермеді



Алматы қаласы бойынша ҚР Президенті сайлауынан хабар тарату жөніндегі баспасөз орталығындағы брифингке Тәуелсіз байқаушылар орталығының жетекшісі, Алматы қаласындағы партиялық емес бақылау орталығының өкілі Александр Братенков қатысып, анықталған бұзушылықтар жалған сипатта екенін айтты.



Гүлжанат СЕМБАЕВА

«Әртүрлі байқаушылар болды, олардың пікірінше, әртүрлі бұзушылықтар анықталған. Оқудан өткен өзіміздің байқаушылар бұларды бұзушылықтар ретінде белгілемеген. Мысалы, бір ұйым байқаушылардың сайлау учаскесінің аумағында еркін жүруіне тыйым салынғанын анықтайды. Олардан сайлау барысын көруге

мүмкіндік беретін орынға отыру ұсынылған. Бұл талап өте әділетті және «Сайлау туралы» Конституциялық заңға сәйкес, ешкімнің, әсіресе, байқаушылардың дауыс беру рәсіміне араласуға құқығы жоқ деп есептеймін. Мұның бәрі заңды. Бір емес, 10–12 байқаушы сайлау учаскесінің аумағында жүріп алса, жәшіктерге, кабиналарға, комиссия мүшелерінің үстеліне қайта-қайта бара берсе, осы жағдайды елестетіп көріңіздерші, онда бұл дауыс бе-

руге кедергі жасайтындай бейберекет қозғалыс орнына айналады», – деді Александр Братенков.

Байқаушының айтуынша, оның басқа қоғамдық ұйымдардан келген әріптестері адамдар кабинаға жұп боп кірген кезде шағымданған.

«Иә, сайлаушының сенім білдірген адамымен кабинаға кіруіне рұқсат.

Оны бірден заңбұзушылық деп тануға болмас. Негізінде, заңның 42-бабында мүмкіндігі шектеулі адамның өзі сенетін адамның көмегіне жүгіну құқығы бар екені көрсетілген. Осы айтылғандардың барлығы, соның ішінде біздің байқаушыларымызға заңбұзушылық ретінде әрекет етпегені туралы айтылғандар да сынға төтеп бере алмайтыны белгілі болды», – деп жалғастырды Александр Братенков.

А.Братенков өз байқаушыларын жағдайды тұрақтандырушылар деп атады. Олар, тіпті, басқа байқаушылардың арандатушылық жағдайларына бой алдыруға жол бермеді.

Сөз соңында спикер сайлаудағы даулы сәттерге адамдардың сол немесе басқа факторларға қатысты әртүрлі көзқарастары себеп болғанын айтты.

«Бір байқаушы фактіні заң, заңды негіздер бойынша бағаласа, екіншісі эмоционалды позиция тұрғысынан баға беруі мүмкін», – деп түйіндеді жергілікті байқаушы.

ОЙ. ПІКІР. ҰСЫНЫС

Серік НҰРМҰРАТОВ,
Философия орталығының басшысы:

САЙЛАУ БІРҚАЛЫПТЫ ӨТТІ



Бұл жолғы сайлау халықтың қатысуымен бірқалыпты өтті десек болады. Бұрын құдды мереке болатын. Осы жолы да дәстүр сабақтасы. Айрықша бір нәрсені түртіп өткім келеді. Бюллетеньдегі «бәріне қарсымын» деген пункт екінші орында тұруының өз жөні бар. Себебі, шындыққа тура қарар болсақ,

үміткерлеріміз аса бел шешіп кіріспеді. Тіпті, екінші орынға көтеріле алмады. Олар халыққа кеңінен белгілі болмады. Оның да әсері аз емес. Дәп осындай шақта 90–100% сайлаушылар неге сайлау учаскесінен табылмады деген сауал көптің көкейінде қалды. Дегенмен, алдыңғымен салыстырғанда 3%-ға дүмпу аңғарылады.

Президент сайлауында партиялар белсенділіктерін көрсетіп жарыптады. Өздерінің ішінен шыққан лайықты адамдарын дүбірлі додаға салмады. Алайда, жұртшылықтың 70%-ға жуығы өз таңдауын жасады. Мұның өзі тәп-тәуір көрсеткіш. Бұл қатып қалған шама емес. Келешектегі келетін сайлауларды есепке алсақ, әлі талай дүние болғалы тұр. Әлі 80–90%-ға баруы мүмкін. Ол күн де алыс емес.

Тыныштық пен бейбітшілік орнаған заман болсын!

Есенжол АЛИЯРОВ,
саяси ғылым докторы, профессор:

ҚОҒАМ САНАСЫ ЖАҢАРДЫ



Қазақстан қоғамы өзінің ел тізгінін ұстар азаматына дауыс берді. Сайлаушылар өз таңдауын жасады. Сөйтіп, мемлекет басқарар тұлғаны таңдады.

Біздіңше Қ.К. Тоқаевтың кандидатурасын ел-жұрттың жақтағаны орынды болды деп білеміз. Мемлекет басшысы Алматыдағы қалың көпшілікпен кездескен шақта елдің әлеуметтік-экономикалық хал-ахуалын жақсартуға байланысты бастамаларымен бөлісті. Онысы көпшілік тараптан қолдау тапты. Ал бірақ өзге кандидаттар немқұрайдылық танытты. Не анда емес, не мұнда емес болды. Алға қойған нақты істері мен жоспарларының жүйесі болмады. Мұны халық та айтып жатыр. Дегенмен, болашақта талай өзгеріс боларына сенеміз. Ең бастысы, ел іргесі сөгілмесін. Берекесі мен бірлік бар жерде даму болады.

Әзірлеген О.ЖОЛДЫБАЙ.

СЫРТ КӨЗ

ЖОҒАРЫ ДЕНҒЕЙДЕ ӨТТІ

Кеше Алматыдағы Қазақстан Республикасы Президенті сайлауынан хабар тарату жөніндегі баспасөз орталығы алаңына Ресей Федерациясынан байқаушылар ретінде Челябин облысы Үкіметінің Ішкі саясат басқармасының бас маманы Александр Антропов, Челябин облысы Үкіметінің Ішкі саясат басқармасының ақпараттық-талдаумен қамтамасыз ету бөлімінің бас маманы Александр Воробьев шақырылды.



Айжан ШАЛАБАЙҚЫЗЫ



«Біз ТМД миссиясы аясында бақылау жүргіздік. Қазақстан Республикасы Президентінің кезектен тыс сайлауы елдегі сайлау заңнамасына сәйкес өтті. Республикада халықаралық байқаушылардың жұмыс істеуі үшін барлық қажетті жағдайлар жасалғанын



атап өткім келеді. Сайлау жоғары ұйымдасқан деңгейде өткізілді. Кеше 7 сайлау учаскесінде болдық. Жалпы, біздің елдердегі сайлау мен Қазақстандағы сайлау ұйымдастыру жағынан ұқсас. Ешқандай айтарлықтай айырмашылықтар жоқ. Біз келеңсіз жағдайларға тап болған жоқпыз, керісінше жағымды сәттер есте қалды, бұл – сайлау комиссиялары мүшелерінің достық қарым-қатынасы», – деді Александр Воробьев.

Ресейден келген байқаушы Қазақстанда технологиялық жаңашылдықтар енгізілгенін, сайлаушылар арасында маңызды ақпараттық жұмыс жүргізілгенін атап өтті.

Александр Антропов сайлау комиссиялары мүшелерінің кәсіби деңгейін, олардың дайындығын, құжаттарды сауатты толтыратынын, сайлау учаскелерінің ақпараттық құжаттамамен қамтамасыз етілгенін атап өтті.

ҚОЛАЙЛЫ ЖАҒДАЙ ЖАСАЛҒАН

Алматы қаласы бойынша ҚР Президентінің сайлауы жариялау жөніндегі баспасөз орталығының алаңында түркітілдес елдер Парламенттік Ассамблеясы (ТүркПА) байқаушыларының қатысуымен баспасөз конференциясы өтті.

Түркия Бас Ұлттық Ассамблеясының депутаттары Режеп Шекер мен Юксель Өзкан, ТүркПА комиссиясының хатшысы Энес Йылдырым, ТүркПА халықаралық қатынастар және хаттама департаментінің қызметкері Абдуллах Нури Айваз және ТүркПА байланыс офицері Тахмина Бакиева спикер болды.

Режеп Шекер ТүркПА миссиясы Қазақстан үкіметінің шақыруымен 18 қарашада Президенттік сайлауды бақылауға қатысу үшін келген. Республикаға барлығы 20 бақылаушы келді, оның 8-і – депутаттар, 12-сі – дипломаттар.

«Біз Астана және Алматы қалаларындағы сайлауды бақылауға қатыстық. Қазақстан астанасында ҚР ОСК төрағасы Нұрлан Әбдіровпен, ҚР Парламенті Сенатының спикері Мәулен Әшімбаевпен, ҚР Парламенті Мәжілісінің төрағасы Ерлан Қошановпен, Сыртқы істер министрінің орынбасары Әділ Тұрсыновпен кездестік», – деді спикер.

Сондай-ақ, ол Алматыда ТүркПА байқаушылары кандидаттар кеңселерінің өкілдерімен сөйлесіп, үгіт-насихат науқанының қалай өткенін талқылады.

«Біз Астана мен Алматыдағы көптеген сайлау учаскелеріне бардық. Сайлаушылармен, байқаушылармен, сайлау комиссияларының мүшелерімен сөйлестік. Бізге сайлау комиссияларының мүшелерімен бірге мүмкіндігі шектеулі азаматтардың үйіне баруға мүмкіндік берілді. Қазақстанда сайлаушылар үшін ұсынылатын бұл қызметті өте

жоғары бағаладық», – деді Р.Шекер.


ТүркПА өкілі ҚР Президентінің сайлауы тыныш жағдайда өткенін атап өтті. Ол сондай-ақ, Миссия Қазақстандағы сайлау процесінің ұйымдастырылуын ашық деп санайтынын атап өтті.

«Біздің делегация халықаралық байқаушыларға жұмыс істеу үшін жасалған жағдайды жоғары бағалайды. Сайлау процесін ұйымдастыруда елеулі кемшіліктер анықталған жоқ. Жалпы, Қазақстан мен Түркияда сайлауды ұйымдастыру, байқаушыларды, сайлау комиссияларының мүшелерін даярлау, оқыту ұқсас. Бізді таңқалдырған және қуантқан жалғыз нәрсе – сайлау комиссиялары өкілдерінің мүмкіндігі шектеулі азаматтарға дауыс беруге қолайлы жағдай жасау үшін оларға баруды ұйымдастырғандары», – деп атап өтті Режеп Шекер.

Конференция барысында спикер Алматының сайлау учаскелерінде шырқалған музыкаға, олардың кейбірінде ұлттық ансамбльдердің өнер көрсетуіне назар аударылғанын айтты.

Сондай-ақ, ТүркПА миссиясының өкілдері ата-аналардың балаларымен бірге дауыс беруге келгенін атап өтті. Р.Шекердің айтуынша, кішкентай кезінен бастап балаларды сайлау процесіне қатысуға үйрету – бұл өте жақсы дәстүр.

Қорытындылай келе, спикер осы сайлаудың нәтижелері Қазақстан халқына пайда әкелуін тіледі.





ҚОЛӨНЕР

Киіз басу – ғажап өнер

Жуырда Алматыда киіз басу өнерінен халықаралық фестиваль өтті. Онда әжелеріміз бастаған қыз-келіншектер киіз басты. Ал қолөнер бағытында жүрген шеберлер киізден жасалатын бұйымдардың түр-түрін көрсетіп, «шеберлік сағаттарын» өткізді. Бүгінгідей жаһандану кезеңінде білектен киіз басқан қыз-келіншектермен бірге көз алдыма сонау артта қалған балалық шағымнан әдемі кадрлар келе қалғаны.

Нұржамал
ӘЛІШЕВА

Ол тұста бала болсақ та, дәл қазіргі күні «біз де аналарымызбен бірге, әжелеріміздің етегіне оратылып жүріп, киіз бастық» деп мақтанып айтуға болатындай екен-ау. Яғни біз бір заманда қазақтың тұрмыс-тіршілігінің ажырамас бөлшегі болған киіз басу өнерінің көріп өскен, сол процеске атсалысқан ұрпақпыз.

Біздің әжелеріміздің жаз жайлауға, қыс қыстауға көшіп жүргендіктен, көшпелі өмірге қолайлы өре киіз, кесек киіз, от киіз, текемет, сырмақ, сатымсақ киіз сынды тұрмыстық бұйымдарын мал жүнінен, киізден жасап жүріп, киіз басуды өнер дәрежесіне дейін көтергені нектен шеберлік!

Киіз қойдың жүнінен жасалады. Жүн таза болу үшін қойды қырқар алдында үш-төрт рет ағынды суға тоғытып алады. Қырқылған жүнді шешелеріміз алдымен ешкі терісінен жасалған тулаққа салып, бобыратып сабайтын. Оған пайдаланылатын таяқты сабау-таяқша деп аталатын. Ол да арнайы жас талдан қиып алынып, арнайы көлеңкеде кептірілетін болған. Жүн сабалып болған соң басылатын киіздің көлеміне қарай шиді жаяды да, оның үстіне жүнді салып, шабақтауға кіріседі. Марқұм шешем ыңылдата әндетіп қойып, аппақ жүнді бір қолымен уыстап алып, шабақталған жүннің үстіне салып отырып, тарамыс тартқан екінші қолының қырымен басып қалып, үзіп отыратын. Бұл жұмысты бір адам ғана істейді. Сонда ғана ши бетіндегі жүндер ала-құла болмай, біркелкі орналасатын көрінеді. Сосын қайнап тұрған ыстық суды шөмішпен себезгілеп құя бастайды. Сөйтсек, ыстық су шабақталған жүн мен оның үстіне тартылған жүнді біріне-біріне қосу үшін керек екен. Одан соң білектен, қарпу басталады. Айтпақшы, сонадайда киіз басушылардың арнайы кәдесі қара қазанда қайнап жатушы еді.

Аналарымыз шиге ораулы, ыстық буы бұрқыраған киізді біраз білектен болған соң көмекке бізді шақыратын. Сосын өздері сексеуілге қайнаған самаурынның шәйін ішуге кетерде бізге, айнала жүгіріп жүрген бала-шағаға аяқтарыңмен баса беріндер біз келгенше деп тапсырып кететін. Ұлдар жағы шиге ораулы ыстық киіздің үстіне шығып тепкілейтін. Сосын ересектеу ұл-қыздар білектенге көшетінбіз. Әйтеуір мәзбіз. Бәлкім, үлкендердің әжетіне жарағанымызға мақтанатын болуымыз керек. Әрі ол күні алақанымыз да, ұртымыз да тәтті мәмпәсиге толып жүретін.

Ал өздері де терлеп-тепшіп сөкпен шәй ішіп, талқанға май шылап жеп, әңгіме-дүкен құрып, арқа-жарқа болып мәз болып отырушы еді. Қайран, шешелер! Киіз басу өнерін де той-думанға айналдырып жіберуші еді-ау. Киіз басу науқанында біздің де балғын білектеріміз қызылды-жасылды бояу болып жүретін біразға дейін.



Он саусағынан өнер тамған шешелеріміз бізге «Көздеріңді салып жүріңдер, ертең керек болады. Барған жерлеріңде киіз басып, алаша тоқысандар жаман ба, қолөнер деген – қыздың сәні ғой» дегенді жиі қайталаудан жалықпайтын. Киіз басу процесі аяқталған кезде шебер аналарымыздың алтын қолынан қазір ғана шыққан, көздің жауын ұрлаған бетіндегі қосқармүйізді ою-өрнектері менмұнда-лап әріректе күн көзінде жатушы еді біразға дейін.

Бүгінде көп ешкім қабырғасына киіз тұтып, еденіне текемет төсемесе де, киіз басу өнері мүлдем жойылып кетті десек, қателесеміз. Қазір жүнді өңдеп, тазалап, сұрыптайтын да құрылғылар бар. Киіз де арнайы механикаландырылған әдіспен, арнаулы станокпен басылатын болған, яғни оңайлатылған. Қазіргі заманғы байпақ жасау, фетр (қалпақтық биязы киіз) басу процестері де киіз басудың дәстүрлі технологиясынан еш айырмашылығы жоқ дейді қолөнершілер.

Бұл өнердің бүгінгі күні де қолданыстан шықпаған себебі, киізден жасалған киімдер мен аяқкиімдер, яғни табиғи материалдар сұранысқа ие. Бұл киімдер денсаулыққа қауіпсіз, теріге, денеге жағымды, суық күндері жылы. Яғни экологиялық таза өнім. Қазір қолөнермен айналысатын кәсіп иелері киізден киім-кешек, аяқкиім, түрлі қоржындар мен сәнді сөмкелер, кәдесыйлар мен түрлі әшекей бұйымдар жасайтын болған. Айналып келгенде, бәрі сол баяғы бабалар ізі ғой жалғасын тауып жатқан. Бұрынғы өткен әжелеріміз киізден сырт киімдер, киіз қалпақ, байпақ, киіз етік тігіп, онымен үйді жабу үшін ғана пайдаланып қоймай, киіз үйдің ішкі жасау-жиһаздарын, өзге де тұрмыс-тіршілікке қажет заттарды тігуге де қолданған. Мәселен, аяққап, әбдіре жапқыш, керме, кесе-қап, қаршын, тұтқыш, шәйнекқап, тебінгі, терлік, тіпті

киізтүбек (бесік жабдығы) жасап тұтынған. Демек, бұл өнер ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келеді.

Айтпақшы, бүгінде жаны қазақылыққа жақын кейбір қазақтардың ішінде заманауи коттеждерінің бір бөлмесінің қабырғасына оюлы киіз тұтып, еденіне текемет немесе терме алаша төсеп, төріне жүк жинайтын сандығын қойып, арнайы қазақы бұйымдармен жабдықтайтындар да табылады. Демек, біз үшін биік өнер өшпейді деген сөз бұл.

P.S. Жылда еңбек демалысына ауылға барғанда шешем «мына киізіңді алып кетпейсің бе, біте жеп қоятын болды ғой» дейтін. Ол тұста тұрмыс құрмаған кезім. «Бір бөлменің қай жеріне жаямын?!» деуші едім. Жаспыз ғой. Бертін келе, есейе келе көңіліне қарап «келесі бір келгенде алып кетемін» деп жүргенде, оюлы киіз де сәннен шығып қалды. Сөйтіп, шешем маған арнап өзі басқан текеметін бақандай 25 жыл сақтады. Көзі кеткен жылы, анамнан естелік болсын деп, Алматыға арқалап келдім әлгі аппақ киізді. Жап-жаңа, еш жерін кір шалмаған. Анамның қолының табы білініп тұр. Киізімді үйіме әкеп төсеп қойдым. Анамның көзі.





**Балалар
жылы
2022**

Биыл Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, қала әкімінің қолдауымен 1 қыр-күйектен бастап Алматыдағы мемлекеттік мектептерде оқитын барлық бастауыш сынып оқушылары (1–4-сыныптар) әлеуметтік мәртебесіне қарамастан, тегін ыстық тамақпен қамтамасыз етіле бастады.



Рая
ЕСКЕНДІР

«Балалар жылының» тартуы ретінде қолға алынған бұл бастама балаларды ғана емес, олардың ата-аналарын да қуанышқа кенелтіп отыр. Сонымен, мектеп оқушыларын бір реттік ыстық тамақпен қамтудың да өзіндік ережесі мен тәртібі бар екені белгілі. Бұл мәселе қалалық әкімшілік тарапынан бір емес, бірнеше мәрте талқылауға түсті. Балалардың сапалы тамақтануын ұйымдастыру үшін Білім басқармасы теңгерімді және әртүрлі рационды құру мәселесін әлденеше рет пысықтады. Сонымен қатар, мектептердегі тегін ыстық тамақты қаржыландыру мәселесі жергілікті бюджетті нақтылау шеңберінде ағымдағы жылдың 4 наурызында өткен мәслихат жиынында қаралған еді.

Ас ұсынудың да, ас ішудің де өз әдебі бар

Қала мектептеріне бас сұға қалсаңыз, алдымен дуылдаған оқушылардың ортасына тап боласыз. Осындайда «тәулігінің төрттен бірін мектеп қабырғасында өткізетін оқушыларымыз қалай тамақтанады екен?» деген сауал мазалайды. Осы ретте біз қаламыздағы М.Мақатаев атындағы №140 гимназияға арнайы барып, мектеп оқушыларының ас мәзірімен, асхананың жәй-күйімен жақынырақ танысып қайтқан едік. Халқымызда «Ауру – астан», «Ағзаның мықтылығы астан болар», «Аяғына қарап асын іш» деген даналық сөздер бар. Бұл әсте тегін айтылмаса керек. Мұның астарына үңілсек, деннің саулығы, ағзаның тазалығы, өмірдің мәні дұрыс тамақтануда жатыр екен. Адамның бойына қуат беріп, одан әрі тіршілік етуі ішкен ас-суға байланысты десек, сол асты жас ағзаға, яғни біздің балаларымызға әзірлеп жатқан мектеп асханасының жайы қалай екен?

Содан да болар, қала әкімінің қолдауымен 1–4-сынып оқушыларына тегін ыстық тамақтың беріле бастауы күнделікті күйбең тіршіліктен қолы босамайтын ата-ана үшін елеулі оқиғаға айналғаны рас. Бұл, ең алдымен, баланың уақытылы тамақтануы мен ағзаның құнды тағамдармен қоректенуіне әсер етеді.

Өткен жылы ғана гимназияның асханасына күрделі жөндеу жұмысы жүргізілген екен. Терезесінен күн сәулесі құйылған кең де жарық асхана кішігірім мейрамханадан еш кем емес. Асхана да, мектептің буфеті де бірінші қабатқа орналасқан. Мұның да өзіндік себебі бар, ережесі сәйкес асхана негізінен күн жарығы жақсы түсетін жаққа

орналасуы керек. Асхананың ішкі дизайны да әдемі, қабырғаларда адамның тамақтануына байланысты түрлі суреттер бейнеленген, нақыл сөздер мен мақал-мәтелдер келтірілген. Ашық түсті бояулармен безендірілгендіктен асхананың көркі келісіп-ақ тұр. Тазалық салтанат құрған асхана ішіне жаңа жиһаздар талғаммен қойылған. Мәселен, мұндағы орындықтар отыруға да, баланың орнынан қозғалуына да ыңғайлы. Асхананың ас мәзірі күн сайын жаңарып отырады. Асханадағы тамақтар Білім басқармасы бекіткен арнайы мәзірге сай дайындалады. Ең бастысы, тағам құрамында құнарлы дәрумендердің бай әрі пайдалы өнімдердің көбірек болуы қатаң қадағаланады. Оқушыларға адам ағзасына пайдалы дәрумендерге толы, жеміс-жидек, түрлі тосаптар тұрақты түрде беріліп отырады.

Дұрыс тамақтанумен қоса, ондағы тұтынылатын барлық заттар, ыдыс-аяқтар да санитарлық-гигиеналық талаптарға сай болуы басты назарда. Ас әзірлеуге пайдаланылатын толып жатқан асхананың асай-мүсейі, керек-жарағы жеткілікті. Бұған қоса, қызмет көрсетуші бармағынан бал тамған аспазшылар С.Роджапова, У.Машариопова, Н.Роджапова өз жұмыстарын аса жауапкершілікпен, жоғарғы деңгейде атқарады.

Жалпы, мұнда ас ішудің де, ас берудің де өзіндік ережелері бар. Мектеп оқушыларына ыстық тамақтың өзі жәй беріле салмайды. Ыстық астың да оқушыға жеткенше жүріп өтетін кезеңдері бар. Мәселен, астың әзірленуі мен оқушының тамақтануын қадағалай-



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБЕК.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Мөлдір БАЙБОСЫНОВА,
ата-ана:

– Биылдан бастап бастауыш сынып оқушыларына ыстық тамақтың беріле бастағаны бізді, мектеп ата-аналарын қуанышқа кенелтіп отыр. Осы мектепте менің үш бірдей балам оқиды. Бір мезеттік ыстық астың берілгені отбасымызға үлкен көмек болды. Оның үстіне балалардың ішетін астары да ұй жағдайындағыдай, сондай дәмді дайындалады. Қазір балаларым мектепке бара жатқанда ақша сұрамайтын болған. Өйткені, мектеп асханасынан ішетін астары сіңімді әрі дәмді. Сондықтан артық ақшаны қажетсінейтін де болды.

Сағат КЕЛДІБЕКҚЫЗЫ,
ата-ана:

– Мен көпбалалы анамын. Мектептің биылдан бастап тамақ бере бастауы бізге, басқа да әлеуметтік аз қамтылған отбасыларға үлкен көмек болды. Шынын айту керек, асхана қызметкерлері тамақты өте дәмді дайындайды.

тын мектеп медбикесі, әлеуметтік педагог, гимназия әкімшілігі мен ата-аналардан құрылған арнайы комиссия бар. Бұл топ кез келген уақытта ас мәзірін, тамақтың құрамын бақылап, кезі келсе тексеруге де құқылы.

Сонымен, үзіліс сәтінде асханаға келген оқушылардың жүйелі тәртіпке бағынатыны байқалды. Олар кезектесе қолдарын жуып, аспазшылармен амандасып, өз-өз орындарына жайғасып жатты. Исі мұрынды жарған ағзаға пайдалы сорпа, еттартқыштан өткізілген жас ет (котлет), көкөністерден жасалып, зәйтүн майына шылған салат, ұй жағдайында дайындалған компот, алма беріліпті. Дәмді асты ішіп болған соң барлық оқушының әдеппен рахмет айтуы да ерекше. Ас

ұсынушылардың да, балаларды асханаға бастап келген ұстаздар мен кезекші мұғалімдердің жылы қабақ танытуының өзі тәрбие мектебі. Оқушылардың сынып болып, бір мезгілде тамақтануы неге үйретеді? Бұл тек тамақтануды ғана емес, ұжымдық мәдениеттің де қалыптасуына ықпал етеді. Тамақ ішуге қолайлы орта, таза ыдыс-аяқ, әдемі асхана, күлімдеген бала, жылы жүзді қызметкерлер – осының өзі ішкен астың ағзада қорытылуына оң әсер етеді. Осындай ұйымдастыру шараларына тек асханашылар ғана емес, кезекші мұғалімдерді жұмылдырудың өзі баланың дұрыс тамақтануына жасалып жатқан жағдай емес пе?

Мектеп қабырғасындағы оқушы қай уақытта сапалы білім алады? Оған әсер ететін фактордың көп екені белгілі. Дегенмен, ең алдымен, дұрыс жағдайдың жасалуы ауадай қажет. Әрине, оған сөз жоқ, оқушылардың мектептегі дұрыс тамақтануын ұйымдастыру да жатады. Дәл қазір, мектеп ата-аналары 1–4-сынып оқушыларының тегін әрі құнарлы тамақтануына мүмкіндік жасап отырған Алматы қаласы әкіміне, қалалық Білім басқармасына, сонымен қатар гимназияда оқып жатқан екі жарым мың бала мен екі жүзге тарта мұғалімнің уақытылы тамақтануына ұйытқы болып отырған асхана қызметкерлеріне деген алғыстары шексіз.

P.S. Екінші тоқсаннан бастап қала мектептерінің асханаларындағы ас мәзірлеріне тағы да толықтырулар енгізілді. Оқушыларға берілетін тағам түрлері сапалы, пайдалы өнімдермен толықта.





● ҰЛТТЫҚ СУСЫН

ТҮЙЕ СҮТІ ЖАНҒА – ШИПА, ДЕРТКЕ – ДАУА

Қазақтың ұлттық тағамдарын сөз еткенде, әрине, ұлттық сусындарды тасада қалдыруға болмайды. Нақ осы ұлтымыздың сусындарына қатысты отандық ғалымдар бір ғана шұбаттың жүзге тарта қасиетін дәлелдеп отыр. Ғылыми дәйектерге жүгінсек, қазақтың шұбаты әлемнің шөлін қандыруға қауқарлы, халықаралық нарықта бәсекеге бәс тігуге қабілетті, сондай-ақ талай дертке дауа болар қасиеттері де баршылық.



Серік
ЖҰМАБАЕВ

ӘРІ СУСЫН, ӘРІ ТАМАҚ

Жалпы жылқы, сиыр малындай емес, түйенің жейтін шөбі басқа. Сондықтан оның сүті де ерекше болып келеді. Түйе жиде, жыңғылдың гүлдерін, қараталдың басын, тікен, жантақ шөптерін азық етеді. Шұбатты ішкен адамның қарны да ашпайды. Ол – әрі сусын, әрі тамақ. Түйе сүтінің маңыздылығы, майлылығы жоғары. Іш құрылыстары ауыратын адамдарға бұл – мың да бір ем. Әсіресе, асқазан жарасына шипалы. Шұбаттың арқасында осындай дертпен ауырған талай адам жазылып кетті. Сондай-ақ, шұбат адамның иммунитетін көтереді.

Жақында ғана ғалым-профессор Мұсатілла Тоқанов диабеттен құтқарудың ғылыми негізін жасады. Сусамыр дертіне шипа таппай әлемдік медицина дағдарып жатқанда шымыкенттік ғалым Мұсатілла Тоқанов дауасын түйе сүтінен тапты.

Қазір дүниені рак ауруы теңселтіп тұр. Әлемдік медицина дәрменсіз. Бірақ емін жаппай іздеп жатыр. Мәскеудің Герцен атындағы онкологиялық институтының профессоры Р.И.Якубовская бастаған бір топ ғалымдар обыр ауруының алдын алатын лапрот деген препаратты өндіріске енгізбекші. Профессор раққа қарсы лактоферрин деген ферментті ана сүтінің ақуызынан тапқан. Бірақ ғылыми жаңалықтың өзіндік қиындықтары аз емес.

Мәселен, 1 грамм лактоферринді алу үшін 25 әйелдің сүті өңделуі керек. Оның өзіндік құны 2500–3000 АҚШ доллары. Ал 100 грамм алу үшін 2,5 тонна ана сүті керек. Ғалымның дәлелдеуінше түйе сүтінен де лактоферрин алуға болады.

Сонымен қатар, түйе сүті сиыр сүтімен салыстырғанда «С» дәрумені 5 есе, «РР» 3 есе, «Е» 2 есе, «темір» 10 есе, «кальций» 1,5 есе, «лактоферрин» 30 есе көп. Басқа қасиеттерін санамағанда құрт ауруына, ішек-құрылыстары, бауыр, дәрумен жетіспеушілік, қан аздық және қант ауруына бірден-бір еміңіз түйе сүтіне.

БАУЫР-БҮЙРЕК ЖҰМЫСЫН ЖАҚСАРТАДЫ

Негізінде, денсаулыққа аса пайдалы бұл сусынның қадірін бізден бұрын шетел біліп отыр. Қазірде Израиль, Германия, Норвегия тәрізді елдерде қымыранның құны да жоғары, өндірілу технологиясы да сапалы. Малайзия, Израиль, Германия елдерінде қымыранның құрылысын, қасиетін, құрамын зерттеуге сол елдің ғалымдары барынша ықылас білдіруде.

Ғалымдардың айтуынша, сапасы жоғары қымыранның адам ағзасындағы өт жолдарын тазалауға, бауыр-бүйрек жұмысын жақсартуға берер шипасы мол екенін анықтады. Оған дәлел – бір литр қымыран ересек адамның В1, В12 және С дәрумендеріне деген қажеттілігін бере алады екен. Қымыран қышқыл бөлуі тездетіп, асты жыздам қорытуға септігін тигізеді. Осы арқылы бауырды тазалап, өт жолдарының жұмысын жақсартыды. Айран мен сүтке қарағанда шұбаттың тиімділігі анағұрлым жоғары.

ШҰБАТПЕН ЕМДЕЙТІН ШИПАЖАЙ АШУ КЕРЕК

Түйе сүтінің адам ағзасына тигізер шипасы орасан. Біріншіден, адамның асқазаны мен ішегіне көмегі көп. Екіншіден, жүйке жүйесін қалпына келтіреді. Адам ағзасын орнына келтіруге пайдасы зор. Сондықтан күнделікті тағам рационына түйенің сүтінен жасалған шұбатты қосатын болсаңыз, ішіп-жегеніңіз жақсы қорытылып, қуатыңыз арта түседі.

Осыдан біраз бұрын қоғам қайраткері Қуаныш Айтаханов «Қымыз бен шұбат туралы арнайы заң керек» деп Үкіметке депутаттық сауал жолдаған да болатын. Қымыз-шұбат мәселесінің Парламент мінберінде көтерілуі бұл бірінші рет емес. Барды бағалай білу керек емес пе? Қымыздың патенті немісте. Көжеге қырғыздар иелік еткен. Біз әлі ойланып жүргенде ұлттық сусындарымыз өзгенің иелігіне өтіп жатыр. Қазақ қашан қозғалмақ?

Керек десеңіз, шұбат – қырық түрлі ауруға ем. Кезінде елімізде өкпе ауруларын тек шұбат-қымызбен емдейтін 15 шипажай

болса, бүгінде олардың жұмысы тоқтап қалған. Керісінше, Ресей 80-нен астам шұбат өндіретін агрофирма ашып, осы елде қымыз бен шұбат арқылы емдейтін 48 шипажайдың жұмысын жолға қойған.

Шұбаттың емдік қасиеттеріне Жапония мен Батыс Еуропа елдері де ерекше қызығушылық таныта бастаған. Мәселен, Германия біздің ұлттық сусынымызды дайындап, оның ұнтағынан түрлі тағамдар мен косметикалық заттар алуды игерген.

Иә, қазақ шұбат ішуден қалып бара жатқандай. Бүгінде дүкендердегі қымыз-шұбат сусындары мүлдем талапқа сай келмейді деген де пікір бар. Бәлкім, шұбатты ғылыми тұрғыда зерттеу орталығы ашылса біраз мәселе шешімін табар...

Мұнан бөлек, қазақтың ұлттық тағамдары деген республикалық ұлттық орталық ашуымыз керек-ақ. Кезінде ұлттық сусындарды түбегейлі зерттеп, қымыз бен шұбатты баптап, әзірлеудің, он айға дейін алғашқы дәмі мен сапасын сақтайтындай технологиясын, оларды ұнтақ түрінде дайындаудың әдістерін де ойлап тапқан қазақ ғалымы профессор Зұлхайнар Сейітұлы еді. Қайткен күнде де шұбаттың қасиетін насихаттауды бір сәтке де тоқтатпаған жөн.

Сонда жастарымыз арақ-шарапқа құмар болмай, ұлттық сусынымызға бет бұратын еді. Ел арасында маскүнемдер азайып, түрлі аурулар мен өлім-жітімнің алдын алар едік. Әйтпесе, қазақтың қымызы мен шұбатын да, ұлттық ойындарын да шетелдіктер иемденіп барады. Осының бәрін салыстырып қарағанда, ұлттық сусынымыз шұбатты әлі күнге дейін дамыта алмай отырғанымыз бойкүйездік пен немқұрайлылық емес пе?

Ата-бабамыздың аманатына адалдық танытып, ардақтаған асын, сүйсіне ішкен сусындарын ұлттық брендке айналдыру үшін қымыз бен шұбат жөнінде арнайы заң қабылдауымыз керек. Сонымен бірге, ұлттық сусындар өндіргісі келетін фермерлерді ынталандыратын жеңілдіктер қарастырылуы қажет шығар...

● ҚАЛА ХИКАЯСЫ

МАХАББАТ ҚҰДІРЕТІ

«Қызға ғашық болып, қазақша үйренуге кірістім» дейді такси жүргізушісі



Қаланың қарбаласымен жүргенде, кеш қарайып автобустар тоқтап қалыпты. Ендігі адамдардың соңғы легі метроға асыққан. Түн ортасына дейін тоқтамайтын бұл көлік Абай даңғылының бойында тұратын адамдарға жұбаныш. Ал мен сияқты қала сыртынан келген жолаушылар такси шақырып амал қылады.

Қазір бір жақсысы көшеден өткен әр көлікке қолыңды шошайтып, әрқайсысына мекенжайынды, жол құнын жеке-жеке айтып әуре болмайсың. Оның орнына телефоннан тапсырыс бересің де, тыныш қана көлігің келгенше тоса тұрасың.

Сөйтіп тұрғанымда, өзімнен 6-7 жас үлкен, бір қарағанда отызға таяған қазақ жүргізуші тоқтады. Есікті ашып сәлемдестім де, телефоныма үңіліп отыра қалдым. Әдетте әккі жүргізушілер бірден сөз бастап, жолаушыны әңгімеге тартады. Шіркін, осындай әңгіме-дүкен барысында не айтылмайды дейсіз ғой. Өзіне таңсық ауылдың хабар-ошарын түгел біліп, одан қала берді саясаттағы небір сара, дара, кара жолдар туралы хабар аласың. Болашаққа болжам жасалып, елдегі ең жаңа оқиғалар да осында талқыланады.

Дегенмен, күнұзақ көлік жүргізіп, жол қысқарту үшін сөз бастайтын жүргізушілерге өз басым ренжімеймін. Біздің кеңпейіл халқымыз да жүргізушілердің мұндай әдетіне үйреніп алған.

Ал мен мінген бұл жолғы көліктің жүргізушісі ондай қылық көрсеткен жоқ. Біраз уақыт үнсіз отырды. Бірақ көлік ішіндегі тыныштық оны да мезі қылса керек, бір кезде радио қосты. «Әуе толқынында сіздердің сүйікті туындыларыңыз» деген диктор даусынан кейін салон ішінде қазақша ән ойнады. Сонда жүргізуші жолдас алғаш рет тіл қатып, бірнеше мәрте «шүкір» деді. Жол жартысына дейін түйік отырған таксист жігіттің бір сәтте тәубе еткені маған қызық көрінді. Содан өзім бірінші болып бұл қылығының мәнін сұрадым:

– Бауырым, бірдеңе есіңе

түсіп кетті ме? Қайта-қайта шүкіршілік етуіңе не себеп?

– Е-е-е, байқап қойдың ба? Қазақ тіліндегі әдемі әуендерді естісем көңілім елжіреп, бойымды бір ерекше сезім билейді. Бұл байлықтан біраз уақыт хабарсыз жүргенмін... – деп тұспалады.

– Хабарсыз жүрдім дейсің бе?

– Иә, өзім қазақ бола тұра өмір бойы орысша сөйлеп, орысша оқығанмын. Қазақы құндылықтардан, қазақы ән-күйден мүлдем жырақ едім. Сөйтіп, колледж оқып жүргенімде бір қазақ қызға ғашық болдым. Бірақ ол орысша онша сөйлемейді екен. Ал мен қазақшаға шорқақпын. Онымен тілдесейін десем, не ойымды жеткізе алмаймын, не оның айтқанының байыбына бармаймын. Сондықтан туған тілімді үйренуге бел буым.

Алайда, бұл бастама маған қиынға соқты. Енді осы тіршіліктің бәрін тастаймын дегенде осындай радиодан қазақша ән естідім. Ол кезде кішкене тіл біліп қалғанмын, бірінші рет әннің сөзіне құлақ асып, тыңдап көрдім. Ән әуені мен мәні қатты ұнады. Бәрі жарасып тұр. Содан кейін қазақы әндерді көп тыңдап кеттім, солар арқылы тіл үйрене бастадым. Тіл білген соң, өзіміздің салт-дәстүрге қызығушылық пайда болды. Сөйтіп жүріп, шын қазақ болдық қой, – деп күлді ол.

– Енді сүйген сұлуыңмен қосылдың ба? – дей қойдым мен де.

– Жеңеңнің жайын айтпаппын ғой. Көп ұзамай үйленіп, бүгінде кішкентайымыз бар. Шүкір. Ата-бабамыз не айтса да бекер айтпаған. Есің барда, елің тап деген. Тұп-тамырымнан ажырап кетпегеніме қуанамын. Сосын да қазақша ән естігенде құдайға тәубе етемін.

Ол осы әңгімесін аяқтағанша, келіп қалдық. Өз хикаясын айтамын деп қазақы ән-күйдің құдіретін тағы бір түсіндірген жігітке алғысымды білдіріп, ойда барды жазуға асығып үйге ұмтылдым.

Дос ОРЫНБЕКҰЛЫ.



ТҰЛФАТАНУ

АЛҒАШҚЫ ҰСТАЗ – Алтынсарин

Қазақтың аса көрнекті ағартушы-педагогі, жазушы, этнограф, фольклоршы, қоғам қайраткері Ыбырай Алтынсарин «Кел, балалар, оқылық» деп барша қазақ баласын қара тануға шақырған алғашқы ұстаз. Былтыр еліміздегі ұстаздар қауымының өкілдері Қостанайда бас қосып, ағартушының рухына бас иіп, ескерткішіне тәу етіп қайтқан еді.



Қазақ білімі туралы сөз қозғағанда ұлы ағартушы Ыбырай Алтынсарин туралы ауызға алмау мүмкін емес. Оның есімі қазақ халқының зайырлы білімінің негізін қалаушы ретінде тарихта мәңгіге қалды. Қарадан шыққан қаракер Ыбырай Алтынсарин сонау қиын заманның өзінде екі сыныпты төрт бірдей орталық орыс-қазақ училищесін, Қазақстандағы алғашқы әйелдер училищесін, қолөнер училищесін, бес болыстық мектеп пен орыс қоныстанушыларының балаларына арналған екі училище ашқан адам.

Алғашқы ұстаз 1841 жылдың 20 қазанында қазіргі Қостанай облысы, Қостанай ауданында дүниеге келген. Үш-төрт жасында әкесі Алтынсары қайтыс болып, атасы Балғожаның қолында өскен. Ол қазақ халқының ағартушылық тарихында және ұлттық мектебінің қалыптасуында терең із қалдырған тұлға. Табысқа жетудің бірден-бір жолы – оқу деп білген Балғожа немересі Ыбырайды Орынборда ашылуы жоспарланған орыс-қазақ мектебіне күні бұрын жаздырып қояды.

Бидің ондағы мақсаты, әрине, немересінің бала оқытып, педагог болуы емес, әкімшілік орындарда жұмыс істеп, шенеунік, ата-анасын асырай алатын азамат, орысша оқыған «төре» болып шығуы еді. Мектеп 1850 жылы ашылып, оған қабылданған отыз қазақ баласының бірі – тоғыз жасар Ыбырай еді.

Мектепте сабақты ынта қойып оқыған ол 1857 жылы оқуын «өте жақсы» деген бағамен бітіріп шығып, 1859 жылдың тамызына дейін өзінің туған елінде тілмаштық қызмет атқарады. 1860 жылы Жайықтың шығысындағы қазақтар үшін төрт бастауыш мектеп ашылған кезде, Ыбырай өзі суранып, Торғай мектебіне мұғалім болуға рұқсат алып, сонда келеді. Бірақ мектеп бірден ашыла қоймайды. Бұл аралықта Ыбырай ел ішінде мектептің пайдасын түсіндіріп, біраз баланы өз үйінде оқытады.

Торғай мектебі 1864 жылы ғана

ашылады. «Осы жылы қаңтардың 8-і күні көптен күткен ісім орнына келіп, мектеп ашылды. Оған 14 қазақ баласы кірді. Бәрі де жақсы, есті балалар. Мен балаларды оқытуға қойға шапқан аш қасқырдай қызу кірістім», – деп жазады ол белгілі шығыстанушы, профессор Н.И.Ильминскийге жолдаған хатында. Ыбырай мектептегі сабақ пен тәрбие жұмысын сол кездегі орыс мектептері үлгісінде құрады. Сабақты қазақ тілінде жүргізе отырып, ол балаларға орыс тілін үйретуге, пән негіздерінен білім беруге тырысады. Тәрбие жұмысын адамгершілігі мол, жаңа ұрпақ тәрбиелеп шығаруға бейімдейді.

1879 жылы Ыбырай Торғай облысы мектептерінің инспекторы қызметіне тағайындалады. Бұл оның ағартушылық қызметінің кең өріс алуына жол ашады. Ол еуропалық үлгідегі мектептер ашу ісімен шұғылданады. 1879–1883 жылдар аралығында Торғай облысының төрт уезінде (Торғай, Ырғыз, Троицк, Ақтөбе) жаңа мектептер ашады. 1883 жылы Торғай қаласында қолөнер мектебі ашылды. Ол қазақ даласындағы техникалық білім беретін тұңғыш оқу орны болды.

Ыбырай қазақ қыздарын оқыту ісіне ерекше көңіл бөледі. Бұған ескішіл әдет-салттарға қарсы күрестің бір жолы есебінде қарайды. 1887 жылы Ырғызда қыздар мектебін ұйымдастыруы – оның ағартушылық аса зор еңбегі. Қазақ даласында мектептер санының артуына байланысты Ыбырай мұғалімдер даярлайтын мектеп ашуды қолға алды.

1881 жылы Омбы қаласында тұңғыш мұғалімдер мектебі ашылды. Ыбырай мектептер ашу ісімен ғана шектеліп қалмады. Ол сол мектептердегі тәлім-тәрбие, оқу жұмысына айрықша мән берді. Оқу-тәрбие ісін жаңа бағытта ұйымдастырды. Бұл ретте ол мұғалімнің атқаратын рөлін жоғары бағалады. «Халық мектептері үшін ең керектісі – мұғалім, – деп жазды ол. – Тамаша жақсы педагогика құралдары да, ең жақсы үкімет бұйрықтары да, әбден мұқият түрде жүргізілетін инспектор бақылауы да мұғалімге тең

келе алмайды». Ыбырай туған халқын ерекше сүйді, оның болашағына зор сеніммен қарады. Сондықтан халық ағарту ісін айрықша шабытпен жүргізді. 1883 жылы Торғай облысының әскери губернаторына жолдаған баяндамасында ол:

«Қазақтарға – осы дарынды, ақыл-есі мол халыққа – кешікпей рухани және қоғамдық даму жолына түсетін дұрыс бағыт беру – қалай дегенмен де аса қажет болып отыр», – деп жазды.

Мәдениетті де талантты педагог-жазушы орыс зиялыларының арасында мейлінше беделді, сыйлы болған. Ол оқулықты мектепте қазақ балаларына білім мен тәрбие берудің басты құралы деп қарады. Балаларға ана тілін таза және ұқыптылықпен үйретеді, шағын көркем шығармалар арқылы оларды жақсы мінез-құлыққа баулуды көздейді. Мазмұны олардың білімін көтеретін, тақырыбы оларды қызықтыратын кітаптарды қазақтың өз тілінде басып шығару керек деп білді. Өзі 1876 жылдан бастап «Қазақ хрестоматиясын» жазуға кірісіп, оны

1879 жылы Орынборда бастырып шығарды.

«Бұл кітапты құрастырғанда мен, біріншіден, осы біздің ана тілімізде тұңғыш шыққалы отырған жалғыз кітаптың орыс-қазақ мектептерінде тәрбиеленіп жүрген қазақ балаларына оқу кітабы бола алу жағын көздедім», – деп жазды Ыбырай өз хрестоматиясының алғы сөзінде.

Ыбырай «Қазақ хрестоматиясына» кірген өлеңдерінде де халық-ағарту идеясын көтерді. Оның жастарды оқуға, білім алуға үндеген «Кел, балалар, оқылық!», «Өнер-білім бар жұрттар» өлеңдері осындай мақсатта туған. Ағартушы-ұстаздың «Қарға мен түлкі», «Әй, достарым», «Әй, жігіттер», «Өзен» өлеңдері мен «Асыл шөп», «Ақымақ дос», «Бір уыс макта», «Білгеннің пайдасы», «Бай баласы мен жарлы баласы», «Жаман жолдас», «Жамандыққа жақсылық» секілді шығармалары бар.

Ақын бір жағынан, жастарды оқуға, білім алуға үндесе, екінші жағынан, оқу, өнер, ғылым-білімге, оның жалпы халық үшін керектігіне еш мән бермейтін ескі көзқарасқа соққы береді. Өмірдегі сарқылмайтын мол байлық – білім екендігін айта келіп, білімге адамның қолы жету үшін, ерінбей оқу, қажымай еңбек ету керектігін түсіндіреді. Ыбырай «Өнер-білім бар жұрттар» атты өлеңінде оқу, білім алудың мақсатын кеңінен сөз етеді. Өлеңнің негізгі идеясы – қазақ қауымына озық мәдениетті елдерді үлгі етіп көрсету.

Ыбырай Алтынсариннің «Әке мен бала», «Бай баласы мен жарлы баласы», «Бақша ағаштары» атты әңгімелері адам өмірінде тәрбиенің үлкен рөл атқаратынын көрсетеді.

Ұлы ағартушының «Қазақ хрестоматиясы» балаларға арналған өлеңдер мен шағын әңгіме-новеллалардан құрастырылды. Олардың бірқатарын ағартушының өзі жазса, біразын сол кездегі орыс оқулықтарынан еркін аударып алды. Хрестоматияға қазақтың халық әдебиетінің үлгілерін іріктеп, барлық шығармаларында халық-ағарту идеясын көтерді.

БАЙҚАУ



«Үздік педагог» атанды

Елордада «Үздік педагог-2022» республикалық байқауының жеңімпаздары белгілі болды. Олардың қатарында Алматы қаласының атынан қатысқан №178 мамандандырылған лицейдің математика пәні мұғалімі Талант Сағиолданов, №148 мектеп-гимназияның қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Әсия Салықбаева, Алматы көпсалалы колледжінің арнайы пәндер оқытушысы Гүлзат Жұмақова бар.

Аталмыш байқауды Оқу-ағарту министрлігі 2012 жылдан бастап мұғалім мамандығының мәртебесін көтеру және шығармашылық белсенділігін арттыру мақсатында өткізе бастады. Осы жылдар ішінде бұл байқауға қатысқан ұстаздардың 600-ден астамы жеңімпаз деп танылды. Сонымен, Астанадағы «Padisson Hotel Astana» қонақүйінде «Үздік педагог-2022» атанған жеңімпаздарды марапаттау рәсімі өтті. Байқаудың республикалық кезеңіне аудандық, қалалық, облыстық кезеңдерінде жеңімпаз атанған 123 мұғалім қатысты.

Биыл конкурсқа 5,5 мыңнан астам педагог өтініш білдірсе, бұл бұрын-соңды болмаған рекордтық көрсеткіш. Байқаудың басты ерекшелігі – үміткерлер өтініш берген күннен бастап, онлайн түрде қатысушылардың қай кезеңде қанша балл алғанына дейін бақылап отыруға мүмкіндік алды. Байқаудың республикалық кезеңіне өткендер Астана қаласының мектептерінде сабақтар өткізіп, конкурстық комиссия тарапынан тиісті бағасын алды. Биыл айтулы байқауға қатысушылардың саны ғана емес, сапасы да артты. Оқу-ағарту министрі Асхат Аймағамбетов жеңімпаздарға төсбелгі мен 3 млн теңге көлемінде ақшалай сертификат табыс етті.

ДЖИУ-ДЖИТСУ

«Байрақты бәсекелерім әлі алда»

Алматылық оқушылар әлемдік аренада Джиу-джитсу жауынгерлік жекпе-жегіне қатысып, үздік өнер көрсетті. Алыс Дубай елінде мәртебеміз биіктеп, Көк Туымыз көкте желбіреді.

Еліміз тәуелсіздікке қол жеткізген соң, кенжелеп қалған спорт түрлері де түген-деле бастады. Соңынан дамыған спорттың бірі – осы Джиу-джитсу. Қазақстан Джиу-джитсу Ұлттық федерациясы 1992 жылғы 26 ақпанда құрылды. Ә дегеннен-ақ, спорттың бұл түріне деген жастардың қызығушылығы ерекше болды. Джиу-джитсу бойынша ҚР жасөспірімдер құрамасы мүшелері шетелде жекпе-жек өнері бойынша көптеген чемпионаттар мен турнирлерге қатыса бастады. Бүгінде сондай талапты жастың бірі – Мүсілім Базарбаев атындағы №138 гимназияның 10-сынып оқушысы қызыл, сары белбеулердің иесі Нұрай Алтынбек қаламыздағы «Sagadat Batyr – QTT» клубында жаттығып жүр. Оның жаттықтырушысы да осал емес, Азия, екі дүркін әлем чемпионы атанған Жұмаділ Елжан.

Спортшы қыз Нұрай Алтынбек бұған дейін де Қазақстан Республикасы чемпионатына, бірнеше мәрте Азия чемпиондық тұғырына көтерілген еді. Ағымдағы жылдың 13-14 қарашасында Нұрай Дубайда өткен жарысқа қатысып, Dana Ali Albeiki атты қарсыласын 13:0 ұпаймен жеңді. Сонымен қатар, «Abu-Dhabi World Jiu-Jitsu Championship-2022» турнирінде 40 келіге дейін салмақ дәрежесінде 3 дүркін әлем чемпионы атанды. Бұған дейін де Нұрай 2021 жылы 2 мәрте әлем чемпионы атанған еді. Болашағы жарқын спортшы Нұрай оқуда да озат.

– Байрақты бәсекелерім әлі алда. Ең алдымен, ата-анам, бапкеріме алғыс айтқым келеді. Себебі, осы кісілердің қолдауы болмаса, мен жетістікке жете алмас едім. Көк Туымызды әлемдік додада желбіреткен сәтте бойымды ерекше сезім биледі. Қазақстанның азаматы екенімді мақтан тұттым. Осы жолда қолдау көрсеткен мектебіме, ұстаздарыма деген алғысым шексіз, – дейді Нұрай Алтынбек.

Бетті дайындаған
Рая ЕСКЕНДІР.



ӘЛЕМ ЧЕМПИОНАТЫ–2022



ДОДА ҚОЖАЙЫНДАРЫНЫҢ ГЕГЕМОНИЯСЫ АЯҚТАЛДЫ

Катарда байрағын желбіреткен футболдан Әлем чемпионаты өз ерекшелігімен басталды. Тұңғыш рет турнир қожайындары біріншілікті жеңіліспен бастады және тұңғыш рет Әлем чемпионатының алғашқы гол пенальтиден соғылды. Жалпы, XXII рет ұйымдастырылған мундиальдің бірінші ойыны қалай өтті? Бұған дейінгілер несімен есте қалған еді? Тарихты бір қопарып көрсек.

67 372. Катар мен Эквадор арасындағы матчты «эл-Байт» стадионынан осынша көрермен тамашалапты. Аренаың сыйымдылығы 60 мыңнан аспайтынын ескерсек, әлбетте, бұл – аншлағ. Расымен де, трибунада ине шаншар жер қалмаған. Бос орын көрмедік. Матч кезінде болмаса да, матч алдында Катар да турнирдің тұсаукесер ойынында барын салуға тырысты.

Өйтпесе, «Эквадордың 8 ойыншысын сатып алыпты, сол үшін 7 млн евро төлепті, қарсыластары 0:1 есебімен жеңіле салады» деген әңгімелер шықпас еді. Расымен де, араб шейхтарының уайымдайтынындай-ақ жөндері бар болатын. Бұған дейінгі бірде-бір Әлем чемпионатында дода қожайындары өздерінің алғашқы матчтарында жеңілмеген. Иә, тең түскен кездер болған, бірақ жеңіліп, маскара болған емес. Дегенмен, катарлықтардың

тардың да ешқашан Әлем чемпионатында ойнамағанын ескеруіміз қажет. Рас, 2019 жылы сенсация жасап, Азия кубогын жеңіп алды. Бұдан бөлек жетістіктері де жоқ. Өз кезегінде Эквадор дүниежүзілік додаға төртінші рет түсуде. Оның үстіне Оңтүстік Американың футболы Азиямен салыстырғанда әлдеқайда алға озған.

Алғашқы минуттардан-ақ Эквадор «келісілген матч» туралы алыпқашпа әңгімелердің барлығын жоққа шығарды. Үшінші минутта-ақ Эннер Валенсия есеп ашқан. Алайда, ВАР іске араласып, голды есептемей тастады. Бірақ артында алаң иелерінің қақпасына пенальти белгіленіп, Валенсия ақыры өз голын соқты. Ал 31-ші минутта «Фенербахче» шабуылшысы баспен допты қақпаға шегедей қадап, дубль жасады. Екінші таймда катарлықтар қарқынды болғанымен Эквадор қақпасына

мардымды соққылар жасай алмады. Осылайша ойын оңтүстік америкалықтардың жеңісімен аяқталып, алғаш рет Әлем чемпионатының тарихында дода қожайындары алғашқы матчын жеңіліспен аяқтауға мәжбүр болды.

Жалпы, бұған дейін Әлем чемпионаттары қалай басталды? Несімен есте қалды? Тарихты бір қопарып көрелік.

Жалпы, әлем чемпионатының ашылу матчында алаң несі алаңға шығуы тиіс деген дәстүр 2006 жылдан бері қалыптасқан. Германияда өткен мундиальда немістер Коста-Рикаға қарсы кездесуіне өткізіп, 4:2 есебімен жеңіске жеткен. Ал жалпы турнир қожайындарының алғашқы ойыны жайлы айтар болсақ, тек 1966 жылы Англия, 1970 жылы Мексика, 1982 жылы Испания, 1994 жылы АҚШ және 2002 жылы Жапония ғана турнир қожайындары бола тұра, алғашқы ойындарында жеңіске жете алмаған. Қалған мундиальдардың барлығында чемпионат иелері тұсаукесер матчтарында жанкүйерлерін жеңіспен қуантқан.

Айтпақшы, тағы спойлер. Бұған дейін ешқашан дода қожайындары Әлем чемпионатының өз тобын соңғы орынмен аяқтамаған. Алда Катар әлі Сенегал және Нидерланд құрамаларымен кездеседі. Сондықтан бұл антирекорд та тіркеліп қалуы әбден мүмкін. Өліптің артын бағайық.

ДОДА ҚОЖАЙЫНДАРЫНЫҢ ӘЛЕМ ЧЕМПИОНАТТАРЫНДАҒЫ АЛҒАШҚЫ ОЙЫНЫ

Жыл	Ел	Ойын
1930	Уругвай	Уругвай – Перу 1:0
1934	Италия	Италия – АҚШ 7:1
1938	Франция	Франция – Бельгия 3:1
1950	Бразилия	Бразилия – Мексика 4:0
1954	Швейцария	Швейцария – Италия 2:1
1958	Швеция	Швеция – Мексика 3:0
1962	Чили	Чили – Швейцария 3:1
1966	Англия	Англия – Уругвай 0:0
1970	Мексика	Мексика – КСРО 0:0
1974	ГФР	ГФР – Чили 1:0
1978	Аргентина	Аргентина – Венгрия 2:1
1982	Испания	Испания – Гондурас 1:1
1986	Мексика	Мексика – Бельгия 2:1
1990	Италия	Италия – Аустрия 1:0
1994	АҚШ	АҚШ – Швейцария 1:1
1998	Франция	Франция – ОАР 3:0
2002	Жапония және Оңтүстік Корея	Жапония – Бельгия 2:2 Оңтүстік Корея – Польша 2:0
2006	Германия	Германия – Коста-Рика 4:2
2010	ОАР	ОАР – Мексика 1:1
2014	Бразилия	Бразилия – Хорватия 3:1
2018	Ресей	Ресей – Сауд Арабиясы 5:0
2022	Катар	Катар – Эквадор 0:2

КӘСІПҚОЙ БОКС

Головкин әлде Әлімханұлы: Мунгияның келесі қарсыласы кім болмақ?

Жексенбі күні таңертең Мексиканың Гвадалахара қаласында жергілікті Хайме Мунгия мен аргентиналық Гонсало Кория аяқасты. Айдаладағы екі боксшының жекпе-жегі қайтеміз дейсіз бе? Корияны нокаутқа түсірген Мунгияның келесі қарсыласы Головкин немесе Әлімханұлы болуы әбден мүмкін.

Гонсало Гастон Кория өмірінде екі-ақ рет нокаутпен жеңілген. Біріншісінде 2020 жылы Жәнібек Әлімханұлы оны екінші раундта-ақ екі бүктеті. Енді міне, Хайме Мунгия да үшінші раундта құлатты. Осы жекпе-жектен кейін WBO басшылығы мексикалық боксшыны Жәнібектің келесі міндетті қарсыласы етіп бекітті. Тіпті, келіссөздер жүргізуге екеуіне 15 күн уақыт берді. Егер чемпиондық атағын қорғағысы келсе, Әлімханұлы Мунгиямен төбелесуі керек немесе қарсыласы жекпе-жектен бас тартуы тиіс. Жәнібектің өзі дайын екенін мәлімдеп отыр.

– Мен оны нокаутқа жіберемін. Ал 2023 жылдың соңында Канеломен кездесемін. Жоспарым осындай, – деп жазды әлеуметтік желісіндегі жеке парақшасына Qazaq style.

Алайда, Мунгияның жоспары басқаша сияқты. Жекпе-жектен кейін қолына микрофонды алған ол «Головкин қайдасың? Джермалл шық бері!», – деп аренаны басына көтерді. Джермалл деп тұрғаны орта салмақ дәрежесіндегі WBC чемпионы америкалық Чарло.



Әлбетте, бокс әлемінде әжептеуір абыройы бар Хайме Мунгия бірінші кезекте Головкинмен кездескісі келетіні анық. Қанша дегенмен, Геннадийдің танымалдылығы бокс әлемінде Жәнібекке қарағанда әлдеқайда жоғары. Яғни табысты жекпе-жек болатыны сөзсіз. Бұған Головкиннің еншісіндегі екі маңызды чемпиондық белбеуді қосыңыз. Егер екі боксшы келісе алса, жекпе-жек 2023 жылы мамырда Мексиканың Синко де-Майо ұлттық мерекесіне орайластырылуы мүмкін. Ал аяқас DAZN стримингтік платформасында өтуі ғажап емес. Олай дейтініміз, Головкиннің соңғы жекпе-жектері осы платформаның шеңберінде ұйымдастырылып жүр. Оның үстіне, Мунгия мен Кория арасындағы аймақтан кейін DAZN де жұмбақтатып, «Мамырда көріскенше, Головкин» деген жазба қалдырды.

Айта кетейік, 26 жасар Хайме Мунгия кәсіпқой бокста 41 жекпе-жек өткізіп, 33 қарсыласын нокаутқа жіберген.

КАРАТЭ

Джакартадан жеті жүлде

Индонезия астанасы Джакартада WKF каратэден А сериясының 4-кезеңі өтті. Жылдың қорытынды бәсекесінде Қазақстан құрамасы 2 алтын, 2 күміс және 3 қола медальға қол жеткізіп, жалпы есепте 3-орын алды.

Әйелдер арасында 55 келіге дейінгі салмақта финалда екі қазақстандық каратэші Әсемгүл Ердаулет пен Гүлмира Үсенова шығып, алғашқысы 3:1 есебімен жеңді. Екінші алтын медальді Лаура Әліқұл қоржынға салды. Ол 68 келіге дейінгі салмақтың финалында швейцариялық Сара Дойбледен 3:0 есебімен басым түсті. Айта кетейік, бұл Лаураның алғашқы халықаралық турнирі.

Ерлер арасында 60 келіге дейінгі салмақта Дәулет Шымырбеков финалда марокколық Айман Такзимадан 0:8 есебімен оңбай жеңілді. Бұған дейін жерлесіміз жартылай финалда тайбэйлік Гуань-Шиун Ванды 6:0 есебімен ойсыра жеңген болатын. Сонымен қатар, Низамитдин Халматов (60 келі), Дамир Камал (67 келі) және Нұрнияз Елдашев (84 кг) өз салмақтарында қола медальді қоржынға салды.

Айта кетейік, осыған дейінгі кезеңдерді Памплон (Испания), Каир (Мысыр) және Қожәлі (Түркия) қалалары қабылдаған. Джакартадағы татами додасына 65 мемлекеттің 670-тен астам каратэшісі жиналды. Оның ішінде ең көп спортшыны жарыс қожайыны Индонезия қосты (139). Одан кейін Үндістан (67). Тайбэй мен Украина атынан 26 спортшыдан қатысты. Ал Қазақстан намысын 14 кумите шебері қорғады. А сериясының келесі кезеңі 2023 жылғы 13-15 қаңтар аралығында Грекия астанасы Афинда өтеді.

Әзірлеген Әзиз ЖҰМАДІЛ.





ОҚЫРМАНДАР НАЗАРЫНА!

«Almaty aqshamy» газеті Астана мен Алматы қалаларына, сондай-ақ, Алматы, Ақтөбе, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Қостанай, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облыстарына тарайды.

ЕГЕР:

* мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз;

* бизнесте мол табысқа қол жеткізгіңіз келсе;

* әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз

«Almaty aqshamy» газетіне
ЖАРНАМА беріңіз де, ТАБЫСКЕР болыңыз!

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласып, қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы ала аласыздар:

8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

ЕГЕР:

* құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса;

* құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, мұрагерлік және басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, БІЗГЕ хабарласыңыз!

Барлық сауалдар бойынша жұмыс күндері сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне
хабарласыңыздар:

8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

ЖАЗЫЛ ДА, ҰТЫП АЛ!

Құрметті оқырман!

2023 жылға баспасөзге жазылу басталды. «Almaty aqshamy» газеті тұрақты оқырмандарымыз бен жаңа оқырмандарымызды редакцияның «Жазыл да, ұтып ал!» атты байқауына қатысуға шақырады. Көптеген бағалы сыйлықтар ойнатылады.

Байқауға қалай қатысуға болады?

«Almaty aqshamy» газетіне 2023 жылға бір жылға жазылу керек. 2022 жылдың 25 желтоқсанына дейін газетке жазылғаны жөніндегі түбіртеккің көшірмесін конвертке салып, редакцияға жолдаңыз. Редакцияның мекенжайы: ҚР, 050022, Алматы қаласы, Шевченко көшесі, 106 А (Масаншы көшесінің қиылысы), №21 бөлме, тел.: 8 (727) 232-36-51, 232-36-56, 232-36-61, немесе сканерленген жазылу түбіртегің (тақырып – «Жазыл да, ұтып ал!») almaty.aqparat@mail.ru электронды адресіне жіберу керек.

Назар аударыңыз! Өзіңіздің толық аты-жөніңізді және мекен-жай мен байланыс телефонын көрсетіңіз.

Қай жерде жазылуға болады?

«Казпочта» АҚ барлық бөлімшелерінде, «Агентство «Евразия пресс» ЖШС, «Эврика пресс» ЖШС.

2023 жылға бір жылдық жазылу қанша тұрады?

Жекелеген оқырман үшін (жазылу индексі 65503) – 7206,00 теңге.

ҰОС ардагерлеріне, зейнеткерлерге, мүгедектігі бар тұлғалар мен көпбалалы аналарға (жазылу индексі 95503) – 5286,00 теңге.

Байқауға бір жылға толық жазылған оқырмандар ғана қатыса алады.

Сыйлықтарды табыстау 2023 жылдың 24 ақпанында «Almaty aqshamy» газетінің редакциясында байқау комиссиясы мүшелерінің және тәуелсіз бақылаушының қатысуымен өтеді. Жеңімпаздардың есімі 2023 жылдың 2 наурызындағы газет санында жарияланады.

Сәттілік серік болсын, құрметті оқырман!

Анықтама телефондары:

8 (727) 232-36-51, 232-36-56, 232-36-61.

ВАКАНСИЯ



«Almaty aqshamy» мен Алматы қалалық Халықты жұмыспен қамту орталығының бірлескен жобасы

БОС ЖҰМЫС ОРЫНДАРЫН
ҰСЫНАМЫЗ

«Алматытеплокоммунэнерго» ЖШС-не:

- бухгалтерлік есеп және есептілік бөліміне жетекші бухгалтер (уақытша);
- кадрлар бөліміне жетекші маман (уақытша);
- мемлекеттік сатып алу және материалдық-техникалық қамтамасыз ету бөліміне жетекші маман;
- шаруашылық бөліміне:

- ғимараттарға қызмет көрсету жөніндегі жұмысшы;
- қызметтік үй-жайларды тазалаушы;
- күзетші;
- энергия ресурстарын есепке алу және өткізу бөліміне инженер (уақытша);

- режимдік реттеу және экология бөліміне 1-ші санатты ООС инженері (уақытша);
- орталық қоймасына қойма операторы;
- электр жабдықтарын жөндеу және қызмет көрсету жөніндегі 4-ші санатты электромонтёр;

- бақылау-өлшеу аспаптары мен автоматика қызметіне:
- 1-ші санатты АСУ ТП инженері;
- 4-санатты КИПиА слесарі;
- газ қызметіне:

- 6-шы сантты электр-газбен дәнекерлеуші;
- газ жабдығын пайдалану және жөндеу жөніндегі 5-санатты слесарь;

- химия зертханасына:
- 1-санатты инженер-зертханашы (уақытша);
- 2-санатты инженер-зертханашы (уақытша);

- қазандық жабдықтарын жөндеу қызметіне термоизоляцияға 5-санатты оқшаулағыш-маман;
- ғимараттарды жөндеу бригадасына:

- 4-санатты сылақшы-әрлеуші;
- 4-санатты плиткамен қаптаушы;
- 4-санатты ағаш ұстасы;
- аудандық «Орбита» қазандығына:

- КО бойынша 5-санатты машинист-қараушы;
- 4-санатты ХВО аппаратшысы (уақытша);
- қазандықтарды басқарудың орталық қалқанының машинисі;
- қазандықтарды басқарудың орталық қалқанының машинисі;
- сорғы қондырғыларының машинисі керек.

Байланыс телефоны:
8 (727) 292-48-68

ПЕДАГОГИКА

ҰСТАЗДЫҢ ОРНЫ –
ҚАШАН ДА ТӨР

Елімізде 2019 жылы көптен күткен «Педагог мәртебесі» туралы Заң қабылданды. Бұл заңның пәрмені де, пайдасы да зор болып тұр. Мемлекет басшысының тапсырмасымен тәрбиешілердің, ұстаздар мен колледж оқытушыларының жалақысы кезең-кезеңмен көбейіп жатыр.



Рая
ЕСКЕНДІР

Сонымен қатар, «Педагог мәртебесі» туралы Заң мектеп мұғалімдерін міндеттеріне жатпайтын функцияларды атқарудан босатуға мүмкіндік берді. Мемлекет басшысының Қазақстан халқына арнаған Жолдауын жүзеге асыру барысында 2023 жылдың қаңтарынан бастап білім жүйесі қызметкерлерінің жалақысы тағы да 25 пайызға көбейгелі отыр.

Аталмыш Заңның тағы бір пайдалы тұсы қазіргі таңда мектеп мұғалімдерінің жұмыс күні 6 емес, 5 жұмыс күні болып бекітілді. Осы жеңілдіктің арқасында мектеп мұғалімдері отбасымен, жақын туғандарымен араласуға мүмкіндік алды. Сонымен қатар, биылдан бас-

тап, еңбек өтілі 25 жылдан асқан мектеп мұғалімдерінің еңбектері ақталып, арнайы медальмен марапаттала бастады.

Мұғалімдердің мәртебесінің айқындалғаны олардың жауапкершілігін де нығайта түсті. Қазіргі таңда мұғалімдердің алдында инновациялық педагогикалық технологияларды пайдаланып, оқушылардың сыни ойлауын дамыту проблемасы тұр.

Бұл ретте мұғалімдер жаңа оқу бағдарламаларында шығармашылық идеяларды қолданулары керек. Яғни білім берудің әлемдік стандарттарына сәйкес, оқыту тәсілдерін қайта қарап, бағдарламаларды жетілдіру міндеті тұр. «Педагог мәртебесі» Заңы аясында педагогикалық мамандарға грант саны да арта түсті.

Шығармашылық даму
жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Мұрат ӘУЕЗОВ,
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ

Газетті жеткізу бойынша шағымдар болса, «Қазпочта» АҚ Алматы почтамтына:
+7 707 932 39 18 телефондары арқылы хабарласыңыз



Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Almaty Aqparat» ЖШС.
almaty.aqparat@mail.ru
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Апталық таралымы – 18 663

Кезекші редактор –
Олжас ЖОЛДЫБАЙ

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде тіркелген. Тіркеу туралы №КЗ80VPY00026040 куәлігі 19.08.2020 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де басылды. 050044, Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17. Тел.: 273-50-53. Офсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газетінің электронды нұсқасы «AIR ASTANA» әуе компаниясы бортндағы жолаушыларға қолжетімді.

ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

Алматыда тегін заң кеңесі орталығы ашылды

Үкіметтік емес ұйымдардың әлеуметтік маңызы бар жобаларды орындау бойынша Алматы қаласы Қоғамдық даму басқармасының тапсырысы шенберінде «Адам және қоғам» қоғамдық бірлестігінің ұйымдастыруымен Алматы қаласында (МИБ, ТКШ, Халықты әлеуметтік қорғау және т.б.) азаматтар үшін тегін заң консультациясы қамтамасыз ету орталығы ашылды. Бұл орталықта тәжірибелі заңгерлер өз қызметін келесі бағыттар бойынша жүзеге асырады:

Мемлекеттік және орыс тілдерінде бірінғай тұрақты «жедел желі» жұмысы;

Барлық аудандарда жылжымалы мобильді заң кеңесі қызметі жұмысы (ай сайын кемінде 2 рет)



тұрғындарға (базарларда, емханаларда, сауда орталықтарында, Халыққа қызмет көрсету орталықтары және т.б.);

Азаматтардың құжаттарын (тапп, өтініш және т.б.) дайындауға әдістемелік көмек көрсету және соттарда халықтың әлеуметтік осал топтары (мүгедектер, зейнеткерлер, жалғызбасты аналар және т.б.) істерін жүргізу;

Орталыққа келушілерге заң мәселелері бойынша ақпараттық-консультациялық қолдау көрсету, сондай-ақ телефон, электрондық пошта арқылы және «Онлайн кеңесші» 24/7 интерактивті модулінің көмегімен орталық сайтында мемлекеттік және орыс тілдерінде консультациялар жүргізу.

Әзірлеген Р.ЕСКЕРМЕСҚЫЗЫ.

Балалар
жылы
2022Ақылды
балалардың
жеңісіРая
ЕСКЕНДІР

Биылғы Балалар жылына орай Алматы Шахмат федерациясы мектеп оқушылары арасында қалалық чемпионат өткізді. Оған 8–18 жас аралығындағы қала мектептерінде оқитын 295 оқушы қатысты.



Шахматты бекзат ойын деп атайды. Бұл ойынды ең ақылды, ойшыл адамдардың ойнағаны да белгілі. Тіпті, басқа саланың өкілі бола тұра, шахматтан чемпион атанғандар да бар. Сонымен, қала мектептерінен жиналған кіл мықтылар шахмат алаңына жиналып, ойынның көрігін қыздырды.

Жарысқа қатысушы ойыншы балалардың дені республикалық, тіпті халықаралық додаларға қатысып, бақ сынаған болып шықты. Бұл күні ақылды балалар Шахмат Федерациясының президенті Жансая Әбдімәлікті кездестіріп, оған зор құрмет көрсетті.

Оқушылар «Шахмат патшайымы» атанған бірнеше дүркін әлем чемпионы Жансая Даниярқызымен 4-сыныптың қазақ тілі пәні арқылы таныс екендіктерін жарыса айтып жатты. Осынау додаға қатысып, жүлде алған балалар қатарында М.Мақатаев атындағы №140 гимназияның 5-сынып оқушылары Қуаныш Жұмаханов пен Марат Ерасыл да бар. Олар өздерінің бұл жеңісін «Балалар жылына арнаған тартуымыз», – деп отыр.

КӨҢІЛ КҮНДЕЛІГІ

АЛТЫН ҚАЗЫНА

Нағыз қазақы ата-әже институтын жоғалтпаған абзал

Қазақ «үйінде қарияң болса, жазылып тұрған хатпен тең» дейді. Текке айтыл-маса керек-ті. Осы бір сөздің құдіреті дәп бүгінмен үндеседі. Біз атамызға қарап өстік.

Олжас
ЖОЛДЫБАЙ

Іскер адам еді

Балалық шақ – ғажап. Мұнда қызыққа толы сәттер көп болады. Үнемі арман қуып қиялданып, аунап-қунап жүресіз. Қылт еткен нәрсеге үлгілеп тұрасыз. Дос көп болады. Айта берсең әңгіме көп. Соның бір парасын ғана айтайық. Біз үшін айрықша тұлға бар. Ол – Атам. Есімі – Жолдыбай.

Ата десе, ақ сақалды қария елестейді. Бәлкім, бұл көпшілікке таныс образ болар. Алайда, айтпағымыз сәл өзге. Ол кісі өмір бақи колхозда есепші, бас экономист ретінде істеді. Дәп директор болар шағында совхоз тарады. Егемендіктің елең-алаң шағында бизнеспен шұғылданды. Күріш екті. Гектарынан 50 центнер жинады. Арасында Ташкенттен Шиеліге тұрмыстық заттар әкеліп сатты. Өзінің жеке дәмханасын ашты. Ол базардың жанында болатын. Оны тұңғыш немересінің атымен атады. Ол кім дейсіз ғой? Әрине, мен едім – Олжас. 2000 жылдары кәсібі онша жүрмеді. Сөйтіп жүргенде Алматыдан Шиелі тұсындағы Қаратаудан алтын барлайтын мекемеге барады. Тап сол шайханаға барып, әлгілер басшысы, қосшысы барлығы тамақтануға келеді. Сол арада атаммен тілдеседі. Олар бұрын қызметте істегенін байқайды. Осылайша қызметке шақырады. Жергілікті кадрды қызметке алу тиімді болса керек-ті. Сөйтіп, кадр бөлімінің бастығы, бас есепші болып қызметке кіріседі. Есімде, күнде таңертең «Қызыл Нива» сағат 9.00-де келіп күтетін. Жүргізушінің аты – Бейбіт болатын.

Маған айрықша
сенім артты

Атам жан-жақты кісі еді. Өзі күйші, домбырашы. Қазақтың ескі әндерін нәшіне келтіріп айтатын. Өзіне тән қоңыр даусы болатын. Әрдайым кешкісін өз немерелері, көрші балалар келетін. Соларға кішігірім концерт өткізетін. Басына қазақы тақиясын киіп жүретін. Соның біреуін маған киізетін. Мен ол кісінің тұңғыш немересімін. Ал әкем оның ең үлкен баласы. Жалпы, алты ұл, үш қызы бар. Әжем момын, ақсары келген кісі. Атам екеуі өмірлерінің соңына дейін бір-бірін сыйлап, құрметтеп өтті. Бөтенмен жағаласпады. Атам дауға, әжем әңгімеге құмартпады.

Әжеміздің айтуынша, әкесінің 60 жасқа келіп қартайып көрген тұңғышы екен. Өзінен кейін бір қарындасы, үш інісі болды. Олардың бәрі бір-бір әулеттің тұтқасы болды. Дариха әжем ол уақта жас келін көрінеді. Келін болып түскеннен қайынатасы 20 күн



ғана өмір сүріпті. Ақсақал үсті-басына ақ киіп, талдың көлеңкесінде отырады екен. Қара су апарса да батасын беріп, «ғұмырлы бол, қарағым, өркенің өссін» деп отырыпты. Бір күні тұңғышы Жолдыбай атамды шақырыпты. Дәм-тұзының таусыларын сезінсе керек. Артындағы бауырларына қамқор болуын, оқытып, ел қатарына қосуды тапсырыпты. Содан бері барша әулеттің жүгін бір өзі көтерді. Бауырларына дүниеден өткенінше жәрдемін аямады. Әкесінің аманатына адалдық танытты. Ешқашан қиналғанын білдірмеді. Қарт анасының жағдайын мәңгі жасап өтті. Бір өзі бар ауыртпашылықты көтерді. Той-жиын болса, асабалықты өзі істейді. Кісімен сөйлесе, өзін де, өзгені де жадирататын. Құдды бір энциклопедия дерсіз. Ал ашуына тисеңіз, өңменіңнен өткізіп екінші бет қаратпайтындай ететін. Өте өткір, қайратты кісі еді. Қазақтың «қайратты ерге бақ қонар» деген ұлағатты сөзі атамызға арнап айтылғандай. Кім өз атасын өзгеше айтсын. Пенделігінен адамдығы мол еді.

Бұрынғылар дүниеден бай да өтер, батыр да өтер депті. 2009 жылы атам дүние салды. Оны телефоннан маған өпкем хабарлады. Сағынамыз. Кейде аңсаймыз. Есімізге түссе, көздің жасын бір сығып аламыз. Бірақ ол жағын ешкімге көрсетпейміз. Атамыздың өмірлік нақылы осы күнге дейін азық болуда. Үлкен қалада қайратты болмасаңыз, қиыншылықтар кесіп түсуі ықтимал. Ең бастысы, жүдемеу қажет. Атам маған айрықша сенім артады екен. Соны естіп-біліп жүрдім. Көңілде біршама дүниелер бар. Соны кезең-кезеңімен іске асыру мен үшін парыз.

Өнегесі көп болды

Бір күні атам барша ұлдарына жер телімін ала бастады. Шиелінің «Қамыс зауыты» дейтін бөлігіне бардық. Астымызда ақ волга. Бұл ақ волганы Қызылорда облысы әкімдігінде бас-

шылықта қызмет жасайтын Жолдас інісі сыйға тартыпты. Көлік ауқымды әрі іші кең тұғын. Сөйтіп не керек, үш жер телімін бір жерден алдық. Сонда шамамен, 5-сынып оқимын. Ішінде ағаларым, атам, мен, бәріміз қайтып келе жатырмыз. Жерді алдық. Атама «маған қашан жер әпересің?» деп сұраппын ғой. Ағаларым ду күліп жіберді. Атам болса, «он сегізге жасың толсын, әперем» деді. Бірақ айтқанына жете алмай кетті.

Менің бұл өмірдегі ең құрметтеп, қастерлейтін кісім, ол – атам еді. Өзі еш уақытта ішімдікке жоламады, шекпеді. Бала-шағасы да сол жолмен жүрді. Ауыл жақта қолында билігі барда қанша жанға үй-жай салып берді. Оны бүгінде біреу білсе, біреу білмейді. Бірақ бұл – ақиқат. Жалпы, кісі жатсынбайтын.

Бір күні үйімізге бөтен ер адамдар кіріп келді. Үсті-бастарына қарасаң жүдеу емес сияқты. Көліктері сынып қалыпты. Әлгілер жол-пұлға қаржы сұрап еді, аташым бірден үйден бір уыс қағаз ақшаны санамастан бере салды. Олар мәз болып, рахметін айтып кете барды. Мұндай жасаған жақсылықтары жетіп-артылады. Оны тізе берсем, том-том кітап болар. Осындай жомарттығы өзінше бір төбе еді. Ата-бабаларын зор қастерлейтін. Есабыз атаның басына барып зиярат жасайтын. Бәлкім, реставрация жасауға да атсалысқан болар. Әруақтарға ас беруді де ұдайы ұйымдастыратын.

Бүгінде атамның бала-шағасы өсіп жатыр. Бұрын ұлдан бір өзім немере болсам, қазір соңымыздан еріп келе жатқан іні-қарындастарымыз бар, шүкір. Шіркін, атамды оны көре алмай кетті. Алда үйленіп, отау тігіп жатсақ, алдымен сіздің рухыңызға ас береміз. Жуырда ауылға жол тартамын. Әжемді сағындым. Өткен-кеткенді әжемнен естіп, мауқымды басып қайтпаппын. Аташым, біз сізді жақсы көреміз!

Нағыз қазақы ата-әже институтын жоғалтпаған абзал демекпіз. Сонда ғана ұлт ретінде құндылығымыз сақталады.

ТӘРБИЕ

Алматы қаласының Қылмыстық атқару жүйесі департаментіне қарасты №11 мекемесінде, яғни балалар колониясында тәрбие жұмысын нығайту мақсатында жасы кәмелетке толмаған жазасын өтеушілер психолог-маманмен «Ашық алаңда» жүздесті.

«Social Project Managment» орталығының өкілі Қ.Қарабаевтың ұйымдастырумен педагог-психолог Гулбануш Мурадуллаева жазалы жасөспірімдермен «Ашық алаң» жоба аясында тренинг өткізді. Ол «Тепе-теңдік дөңгелектері» деген тақырып аясында көрініс тапты.

Тренинг тізгінін ұстаған маман жасөспірімдерге өзін бағалау, жанына керегін алу, жоқтың орнын толтыру арқылы өзіне нақты не қажет екенін біліп, тепе-теңдік дөңгелегін қалай игеру керектігі туралы айтты.



ӨМІРІҢ ӨЗ ҚОЛЫҢДА

Аяғын жаза басып, бас бостандығынан айырылған жастарға дәл қазір алдағы күндерден үміт үзбей, нақты мақсат қоя білу де, қоғамдық өмірге бейімделу жолдарын үйрену де, бір-бірімен өзара қарым-қатынас мәдениетін дамыту да маңызды. Оларға мамандар тарапынан әлеуметтік-психологиялық қолдау көрсету де өзекті мәселе. Тренинг осы тақырыптарды тарқатты.

Психолог-маман Г.Мурадуллаева жасөспірімдерге тренинг соңында «Менің бес қасиетім» деген жаттығу жасату арқылы әрқайсысына жеке-жеке көңіл бөліп, кімнің мықты, кімнің әлсіздеу екенін анықтады. Жасөспірімдерге әлсіз тұстарымен өз бетінше жұмыс жүргізуге кеңес беріп, жолын да көрсетіп берді. Ол болашақта әр адамның өмірі біреудің емес, өзінің ғана қолында екенін түсіндірді.

Нұр ЖАМАЛ.

ВАЛЮТА БА-
ҒАМДАРЫ

€ EUR/KZT 476,44 теңге

\$ USD/KZT 459,04 теңге

₽ RUB/KZT 7,61 теңге

¥ CNY/KZT 64,51 теңге